



ӘСКЕРИ
ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ
ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЕРЕКШЕ
НАЗАР АУДАРУДЫ
ТАПСЫРДЫ

2-бет



Олжас БЕКТЕНОВ:
СУ БӨЛУДІ
АШЫҚ ЕТУ ҚАЖЕТ
ОЛЖАС БЕКТЕНОВ
ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНЫҢ
СУ ЖАҒДАЙЫМЕН
ТАНЫСТЫ

3-бет



БӨЛІНГЕНДІ
БӨРІ ЖЕЙДІ

3-бет

ҚАЗАҚҰНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№31-32 (1160-1161) 4.08-11.08.2025

БАР ҚАЗАҚҰНИ – НАР «ҚАЗАҚҰНИ» ГАЗЕТІНЕ ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛ!



АБАЙ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ
ҚОҒАМЫ

4-5
бет



8-9
бет

Елімізге белгілі республикалық «Қазақ үні» газеті жыл сайын мерекесін Ұлы Абай күнімен бастап, газет күнімен жалғастырады. Биыл 2025 жылы 11 тамызда «Қазақ үні» газетіне 25 жыл толып отыр.

Иә, осыдан ширек ғасыр бұрын «Қазақ үні» газетінің алғашқы саны жарқ ете қалғанда Алаштың игі жақсылары ақ тілегін айтып, қуана құттықтаған еді. Әйгілі Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов, қазақтың ұлы ақындары Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиев, заңғар заңгер Салық Зиманов, атақты академик Өмірзақ Айтбайұлы сынды өзге де біртуар тұлғалардың Ақ батасын алып, Ақ жолымызды бастағанбыз. Қазір бұл тарландардың ешқайсысы да өмірде жоқ. Пейіште рухтары шалқи бергей! Басылым ешуақытта ұлт мүддесіне келгенде үндемей қалған жоқ. Қалың оқырманның да үміті ақталып, «Қазақ үні» газеті барша қазақтың жырын жырлап, мұңын мұңдады.



БІЗДІҢ БАСЫЛЫМ ДА – АЙТУЛЫ МЕКТЕП

Заман ілгерілеген сайын ел мүддесін діттейтін ұлттық басылымдардың міндеті ауырлай түскендей көрінеді. Себебі, Тәуелсіздік жүгі жеңіл емес екен, кейінде кемел ел келешегін көксейтін әр зерделі ұланның жауапкершілік салмағын сәт сайын жіті сезінетіні анық. Енді осынау дербестікті баянды ету де оңайға түспейді. Шапса тұлпар тұяғы тозатын, ұша қыран қанаты талатын ұлан-ғайыр Даламызға жақын да, алыс көршілеріміздің қай-қайсы да ежелгі көз сұғын қадау дағдысын қоя алмайтын шығар. Дүбірлі заманалар тоғысында ауа жая түскен Жаһандану деген «жалмауыз» және бар. Жер-жерде соғыс ошақтары көбейді.

6
бет



Ислам ӘБІШ,
қоғам қайраткері:

ЕЛДІҢ СӨЗІН
СӨЙЛЕГЕН
ЕРКІН ОЙЛЫ
БАСЫЛЫМ

9
бет

ТЮРКСКИЙ СЛЕД В «ЭПОСЕ О ГИЛЬГАМЕШЕ»

Если этот обряд составляет один из сюжетных поворотов поэмы, то вновь приходит мысль о сходстве древних обрядов шумеров и северных тюркских народов, у которых еще до конца XIX века сохранялся обычай отправлять «душу» умершего (изют) на лодочке, укрепив на ней горящую свечу – символ огня, своеобразный маяк, указывающий направление света в речном путешествии души в потусторонний мир.



12
бет

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы — Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Дәурен Қосановты қабылдады.



Кездесу барысында Қорғаныс министрі Президентке ведомствоның 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында атқарған жұмыстары жөнінде баяндап берді. Сала басшысы тарапынан Президентке армияның жауынгерлік дайындығы, көктемгі әскерге шақыру науқанының нәтижелері, әскери-патриоттық тәрбие жүйесін жетілдіру және әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыдан қамсыздандыру шаралары туралы мәлімет берілді.

Дәурен Қосанов Мемлекет басшысына әскердің ұтқырлығын арттыру, әуе шабуылына қарсы қорғанысты күшейту, аумақтық әскер мен ұшқышсыз ұшу аппараттары бөлімшесін және әскери инфрақұ-

рылымды дамыту турады әңгімелеп берді. Сондай-ақ қорғаныс саласындағы мемлекеттік тапсырысты орналастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпарат ұсынылды.

Президент Қарулы Күштердің әскери әлеуетін одан әрі арттыру

жөнінде нақты міндеттер жүктелді. Сонымен қатар әскери қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әскери қызметшілердің жарақат алуы мен қазаға ұшырау фактілерінің алдын алуға бағытталған кешенді шаралардың маңыздылығына ерекше назар аударды.

ЖАРТЫ МИЛЛИОН ОҚУШЫҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

2025-2026 оқу жылының қарсаңында елімізде «Жалпыға бірдей білім беру» қоры аясында оқушыларды мектепке дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл 500 мыңнан астам балаға қолдау көрсетілмек.



Қор дәстүрлі түрде жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға, аз қамтылған және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына көмек береді. Сонымен қатар, өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар да назардан тыс қалмайды.

Көмек ата-аналардың есеп-шоттарына аударылады, бұл оларға мектеп формасын, аяқ киім және кеңсе тауарларын өздігінен таңдауға мүмкіндік береді. 2025 жылы бір балаға берілетін ең төменгі сома көлемі — 46 228 теңге.

— Оқу-ағарту министрлігі әлеуметтік осал санаттағы балаларға

көмек көрсету бойынша ашық әрі ыңғайлы тетік қалыптастырды. Бұл қолдау шарасы бүгінде барлық өңірде іске асырылып жатыр, — деп атап өтті Оқу-ағарту министрлігі. Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрайымы Насымжан Оспанова.

«Жалпыға бірдей білім беру» қоры жыл сайын мыңдаған баланың оқу жылына дайындалуына жағдай жасап келеді. Биыл бұл мақсатқа өткен жылғыдай көлемде қаржы қарастырылған.

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде бірінші заманауи мектеп инфрақұрылымына көшу мақсатында ауқымды жаңғырту жұмыстары басталды. Алдағы үш жыл ішінде Қазақстан бойынша 1231 мектепті жаңғырту жоспарланып отыр, соның ішінде биыл 245 мектепте кешенді жөндеу жүргізілуде. Оның 146-сы ауылдық жерлерде, 99-ы қалалық жерде орналасқан.

Бұл жұмыстар аясында 214 мектепке күрделі жөндеу, 19 мектепке ағымдағы жөндеу жүргізіліп, 12 мектеп қайта жаңғыртылады. Нәтижесінде шамамен 100 мың оқушының білім алу

жағдайы жақсарды. Мектептер заманауи білім стандарттарына сай тоғыз негізгі бағыт бойынша жаңғыртылды. Сонымен қатар, пәндік кабинеттермен жабдықталып, жиһаздар жаңартылды. Сондай-ақ, талшықты-оптикалық интернет желісіне қосылып, спорт залдары, кітапханалар мен асханалар жөнделіп, қауіпсіздік жүйелері орнатылды. Тағы да айта кетерлік жәйт аумақтар абаттандырылып, көріктене түспек. Осы орайда, ауылдық білім беру ұйымдарына ерекше назар аударылып, бұл шаралар қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасындағы алшақтықты азайтуға септігін тигізбек. Осынау игі істер барлық балаға тең мүмкіндік жасауға ықпал етеді.

ВАКЦИНАЦИЯ ӨЛІМ-ЖІТІМ ҚАУПІН ТӨМЕНДЕТЕДІ

Елде вакцинация кестесі өзгертіліп, балалар мен жасөспірімдерге жаңа екпелер енгізілуде.



Қазіргі таңда 11-13 жас аралығындағы 149,3 мыңнан астам қыз бала АПВ-ға қарсы вакцина алған, 90 мыңға жуығы екінші дозасын қабылдап, өткен жылдың қыркүйегінен бері барлығы 238,2 мың профилактикалық егу жүргізілген, бұл вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігі дәлелденген және ол Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған алдын алу тәсілдерінің бірі ретінде қарастырылады, себебі АПВ тудыратын жатыр мойны обыры, гениталий кондиломалары мен анус пен жыныс мүшелерінің обыры сияқты онкологиялық аурулардың алдын алуға мүмкіндік береді, сондықтан 147 ел өздерінің ұлттық имундау бағдарламаларына бұл вакцинаны енгізсе, 76 елде қыз балалармен қатар ұлдар да егілуде, ал елімізде бұл тәжірибе жалғасып, енді 11 жастағы ұл балаларға да АПВ-ға қарсы екпе салу жоспарланып отыр, сондай-ақ Қорғаныс министрлігінің бастамасымен мерзімді әскери қызметшілерді

менингококк инфекциясына қарсы вакцинациялау көзделіп, бұл олардың жоғары қауіп тобына жататынын, ұжымдық жағдайда тұрып, жиі іссапарларға шығатынын, физикалық және психологиялық жүктемелерге ұшырайтынын ескергенде маңызды қадам болып отыр, бұған қоса Ұлттық техникалық консультациялық топтың ұсынымдарына сәйкес 1 жасқа дейінгі балаларға көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеке, В типті гемофильді инфекцияға, полиомиелитке және В вирусы гепатитіне қарсы екпелердің кестесін қайта қарап, 16 жастағы жасөспірімдер мен жүкті әйелдерді эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша ерікті түрде көкжөтелге қарсы вакцинациялау енгізілмек, ал вакцинация контингентінің кеңеюі инфекциялық аурулардың ауыр ағымының, асқынуларының және өлім-жітім қаупінің едәуір төмендеуіне ықпал етеді.

ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ ӨНДІРУ ТОҚТАТЫЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында прокуратураның араласуымен жалпы ауданы 44 гектарды құрайтын аумақта заңсыз жүргізілген пайдалы қазбаларды өндіру тоқтатылды.



Бұл бағытта облыс әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының лауазымды тұлғалары елді мекендердің аумағында орналасқан «Березовка» және «Шаховское» кен орындарында пайдалы қазбаларды өндіруге лицензияларды заң талаптарын бұза отырып бергені анықталды. Нақтырақ айтқанда, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекстің 25-бабына сәйкес елді мекендерге 1000 метрге дейінгі қашықтықта мұндай жұмыстар жүргізуге тыйым салынғанына қарамастан, лицензиялар рұқсатсыз берілген. Бұдан бөлек, аталған учаскелердің бір

бөлігі мемлекеттік орман қоры жерлеріне тиесілі болып, бұл жағдай Орман кодексінің талаптарына да қайшы келетінін көрсеткен. Нәтижесінде СҚО мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасының талап-арыздары негізінде сот лицензияларды жарамсыз деп танылды. Шығарылған сот актілері заңды күшіне енсе, кінәлі лауазымды тұлғалар прокурорлық қадағалау актісі негізінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бұл іс облыс прокуратурасының тұрақты бақылауында қалды.

ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында Алматы облысында жалпы сомасы 93 млрд теңгеден астам қаржыға аудит жүргізілді. Тексеру комиссиясы тексерген 63 объекті бойынша 8,4 млрд теңгеден астам сомаға түрлі заңбұзушылықтар анықталған.

Бұл аудит қамтыған қаражаттың 9,1 пайызына тең. Анықталған негізгі заңбұзушылықтар қаржылық есеп жүргізу тәртібі мен бюджет қаражатын тиісті мақсатта пайдалану талаптарының сақталмауына қатысты болды. Жалпы қаржылық бұзушылықтар көлемі 3,2 млрд теңгені құраған. Оның ішінде 78,9 млн теңге бюджетке қайтарылуға жатады. Ал қалған соманы бухгалтерлік есепте қалпына келтіру қажет екені айтылды. Бұл өз кезегінде есеп жүргізудегі салақтық пен бақылаудың жеткіліксіздігін

көрсетеді. Бұдан бөлек, аудит барысында 308,7 млн теңгенің бюджет қаражаты мен мемлекеттік активтері тиімсіз пайдаланылғаны және 4,8 млрд теңге қаражаттың тиімсіз жоспарланғаны анықталған. Мұның ішінде автокөлік сатып алу, тендерімге тіркелмеген объектілерге шығын шығару және орындалмаған жұмыстар үшін мердігерлерге төлем жасау секілді фактілер кездескен. Ал бұл жағдайлар мемлекеттік мүлікті басқару қағидаттарының сақталмауы мен бюджеттің тәртіптің әлсіздігін көрсетеді. Тексеру комиссиясының мәліметінше, мемлекеттік аудит объектілеріне 49 міндетті тапсырма мен 2 ұсыным жолданған. Анықталған бұзушылықтар негізінде 41 лауазымды тұлға тәртіптік, ал 140 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылып, нәтижесінде бюджетке 14,4 млн теңге айыппұл өндірілген.



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ САПАСЫ АРТТЫ

2025 жылдың алғашқы алты айында Батыс Қазақстан облысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі аясында стационарлық және стационарды алмастыратын көмек бойынша 78 065 медициналық қызмет көрсетіліп, жалпы сомасы 17,9 млрд теңгеге төлем ұсынылды, ал амбулаторлық-емханалық жағдайда 3 664 227 қызмет көрсетіліп, бұл бағытта 9,4 млрд теңгеге жуық қаржы қарастырылды; «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-ның БҚО бойынша филиалы директоры Сандуғаш Болысбекованың айтуынша, жыл басынан бері жедел деректерге сәйкес 683,1 млн теңгеге 163 452 бұзушылық анықталған, оның ішінде медициналық көмек көлемінің негізсіз ұлғаюы 47,7%-ды, медициналық көмекті негізсіз көрсету 22,74%-ды, ал емдеу-диагностикалық шаралардың белгіленген стандарттардан ауытқуы 9,22%-ды құрап отыр. Жыл басында 56 медициналық ұйыммен келісімшарт жасалып, олардың 38-і (68%) — мемлекеттік, 18-і (32%) — жекеменшік мекемелер болса, солардың 51-іне 9,7 млрд теңге көлемінде алдын ала аванс беріліп, алты ай ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС жүйесі аясында денсаулық сақтау ұйымдарына жалпы 39,6 млрд. теңге төленді. Қазіргі таңда МӘМС қаражаты толықтай төленіп отыр. Ал кепілдік берілген көмек көлемі бойынша жоспарланған соманың 62 пайызы игерілген. Бұдан бөлек, 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап БҚО тұрғындарынан Ұлттық банктегі қорға жалпы 110 млрд. теңге жиналса, биылғы жартыжылдықта бұл көрсеткіш 14 млрд. теңгені құрайды. Ол қаражат жинақталып, көрсетілетін нақты медициналық қызметтерге қарай филиалдар арқылы төленіп отырады.

Олжас БЕКТЕНОВ, Қазақстан Республикасының Премьер-министрі:

СУ БӨЛУДІ АШЫҚ ЕТУ ҚАЖЕТ

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНЫҢ СУ ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Олжас Бектенов Түркістан облысының су шаруашылығы инфрақұрылымының жағдайымен танысып, сумен тұрақты қамтамасыз ету шараларын қабылдауды тапсырды. Түркістан облысына жұмыс сапары барысында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов су қоймаларының жай-күйімен, гидротехникалық құрылыстарды қайта жаңғырту жұмыстарының барысымен және еліміздің оңтүстік өңірлерін тұрақты сумен қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан шаралармен танысты. Премьер-министр «Шардара» су қоймасы мен «Көксарай» су реттегіш нысанын барып көрді.



Шардара су қоймасының жұмысымен танысу кезінде Премьер-министрге нысанның жағдайы мен оңтүстік өңірлердегі суару жұмыстары туралы баяндалды. Бұл – Түркістан және Қызылорда облыстарындағы ауыл шаруашылығы алқаптарын суармалы сумен, сондай-ақ Шардара қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ететін негізгі су нысаны.

Олжас Бектенов суды бөлуде ашықтықты қамтамасыз ету үшін қадағалауды күшейту қажеттігін айтты.

«Агроөнеркәсіп кешені – экономиканың негізгі секторларының бірі. Қазіргі жағдайда су ресурстарын қажетіне қарай және қатаң қадағалай отырып бөлу ерекше маңызға ие.

Қадағалауды барлық деңгейде күшейтіп, су бөлуді ашық ету қажет», — деп атап өтті Премьер-министр.

Осы тұрғыда Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаевқа көршілес елдермен

су беру режимдерін келісу және туындаған мәселелерге жедел ден қою, соның ішінде тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды үйлестіру тапсырылды.

«Көксарай» су реттегіш нысанын тексеру қорытындысында Премьер-министр Су ресурстары және ирригация министрлігіне контрреттегіштің толық қуатында жұмыс істеуін қалпына келтіру мақсатында реконструкциялау жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Бұл өзен ағынын қажетіне қарай реттеу және оңтүстік өңірлердегі шаруаларды тұрақты сумен қамтамасыз ету үшін қажет.

Олжас Бектенов трансшекаралық су көздерінен келетін су көлемінің азаюына байланысты Үкімет ішкі су қорын дамытуға басымдық беріп отырғанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы көктемгі және еріген қар суын жинап, оны егістікке тиімді пайдалану үшін 20 жана бөген салу, кемінде 15 су

қоймасына күрделі жөндеу жүргізу жөнінде тапсырма берген болатын. Таяу уақытта «Бәйдібек ата» және «Боралдай» су қоймалары арқылы «Бөген» су қоймасына қосымша 113 млн текше метр су берілгенінің арқасында Түркістан қаласы кепілді түрде сумен қамтамасыз етілетін болады. Траншекаралық су көздерінен келетін су көлемі жылдан-жылға азайып келеді. Соған байланысты біз ішкі су қорларын барынша пайдалану үшін қосымша су қоймаларын салу жолдарын қарастыруымыз қажет», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр Су ресурстары және ирригация министрлігіне Түркістан облысының әкімдігімен бірлесіп, өңірдегі су шаруашылығы жобаларын уақтылы қаржыландыруды және жүзеге асыруды тапсырды.

Еске салайық, биылғы жылдың 27 маусымында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Исаның Шардара су қоймасындағы қалыптасқан жағдай мен еліміздегі су мәселесі туралы ҚР Премьер-Министр О.Бектеновке жолдаған «СУ ҮСТІНДЕГІ ЕЛ СУСЫЗ ҚАЛ-ҒАЛЫ ТҮР?» депутаттық сауалының жазбаша нұсқасын жариялаған болатынбыз. Үкімет басшысына жолданған сауалға барлығы 17 депутат қол қойған.

Бұл депутаттық сауалға бір айға дейін Үкімет үн қата қоймағасын, Шардарадағы су жағдайының ауырлап бара жатқаны туралы 26 шілдеде Мәжіліс депутаты Қазыбек Исаның «БІЗДІҢ ЕЛДЕ ҮКІМЕТ БАР МА, ЖОҚ ПА?!» атты мақаласы «Қазақ үні» порталында жарияланып, қоғамда үлкен резонанс тудырған еді...

«Қазақ үні»

КӨШІ-ҚОН

БӨЛІНГЕНДІ БӨРІ ЖЕЙДІ

Өзін қазақпын деген әр азаматтың шет елдердегі және сол жақтан елге оралып жатқан туыстарымыздың тағдыры туралы өз пікірін айтып, ортаға біраз ой тастауы артық болмайтын шығар. Ақпарат құралдарындағы сирек кездесетін хабарлар мен ел ішіндегі көз көріп, жадымызға ұялап сіңісті болған жағдайларды күнделікті тіршіліктің қамымен арпалысып жүрген біз сияқты пенделер өз деңгейінде қабылдап жататыны белгілі. Біз үшін еліміз деп келген қандастарымыздың жағдайлары жаман емес, өкімет оларға мүмкіншілігінше көмек беріп жатқан көрінеді.

Ал, әзірше ата жұртына келе алмаған қандастарымыздың жағдайлары туралы мағлұмат жоқтың қасы. Сондықтан олардың ата жұртына қайтуға құштарлығы жоқ шығар деген ойлардың да болуы мүмкін.

Шынында да солай ма, жоқ әлде оның басқа себептері бар ма деп ойлап жүрген ешкім жоқ сияқты.

Өзіміз шетте туып, бөтен елде өспеген соң, көп нәрсенің байыбына бара бермейтін сияқтымыз.

Шындығына жүгінсек, шыр етіп жерге түскенен тағдырдың талқысын көріп өскен осы бауырларымыздың ішкі жан-дүниесін сезініп, сыртқа шығармайтын мұны мен сырын ұғамыз ба? Ата жұртым деп келген ағайындарға нағыз қазаққа тән туыскандық ыстық сезім көрсетіп жүрміз бе деген сұрақтың кейде көңілді мазалайтыны рас.

Өкініштісі, ақ пейілімен, қуанышты көңілімен өз Отаным деп қазақ жеріне аяғын алғаш басқан кезде алдынан кеудеден итеріп, бетін алапат аяз қарығандай болып бірінші қарсы алатын «оралмандар» деген бауырмалдық сезімнен жүрдай, жылусыз, қақаған қыстың үскірігі жүректің түбіне мұз қатыратын сөзбен қарсы алады.

Қазақ «Жақсы сөз — жарым ырыс» деген даналық бар. Алыстан аңсап келген қандастарымызға

жүрегін жылтып, көңілін хош етіп, өзектен теппей бауырға басатын тенеу сөз табылмағаны ма? Әлде, орысша ойлап қазақша шала сөйлейтін, өз халқының рухани құндылығынан хабары жоқ орыс тілді бір шенеуніктің ойлап тапқаны ма? Осы атауды енгізгендер «оралмандар» деген сөздің мағынасын өздері ұға ма екен?

Тіпті, орысша ойлап айтқанның өзінде бұл «оралмандар» сөзі, «возвращенцы» деп, өз жұртын менсінбейтін жағымсыз қылықтарымен, не болмаса пайда қуып басқа жерге кетіп, кейін қатесін ұғып қайтып келгендерге арналған сөз екенін ұқпайтын адамдар да жер бетін басып жүреді екен ғой! Өз жұртынан, кезінде қасіретті жағдаймен шетке босып кеткен қандастарымыздың өз Отанына келген ұрпақтарын бұлай атау барша қазақтың намысына көленке түсіріп отырған жоқ па? Соны ұғатын кез жетті емес пе.

Бізден басқа бір елде осындай маскаралық жоқ. Көрші отырған орыс мемлекеті ешқашанда қандастарының мерейін түсіріп көрген емес. Олар қайта шет жерде, басқа елдің азаматтығын алып өмір сүріп жатқан орыстардың өзін «отандастарымыз» (соотечественники) деп қастерлеп олардың құқын, тілін заңмен қорғайды. Сонымен

қатар өз еліне келем деген орыстарға қаржы аямай көмек жасауға дайын. Ал біз болсақ өз елімізге келген бауырларымызды жақын тартып ыстық құшағымызға алып «отандастарымыз», «қандастарымыз» деп айтуға өреміз жетпей жүр. Олардың бізбен қаны, жаны бір болғандықтан атажұрттағы Отанының толыққанды иелері болуға құқы бар емес пе.

Содан да болар, қандастарымыздың қоғамдық өмірге беленділік көрсетпей, кейбір жағдайларда жасқаншақтық мінез байқатып, пікір алмасуға сарандық танытатыны орын алған. Қандастарымызды «оралмандар» дегеннен туған менсінбеушілік олардың жұмысқа орналасу, әлеуметтік мәселелерді шешу, азаматтық алу кездерінде кездесіп қалатыны жасырын емес.

Олар қазақтың өршіл намысынан айрылмаған, табиғи ұлттық жігерлерінің арқасында шет жерде арқа сүйері жоқ болғандықтан, өздерін-өздері сүйреп, өмірдің қиыншылығын көрген жандар. Олардың жастарының білімге, өнерге, кәсіпкерлікке құштарлығынан біздің жастар көп нәрсені үйренуіне болады. Бірақ бізде сол бауырларымыздың шет жерде жүріп алған білімі мен олардың дарынына жол ашып қол ұшын берудің орнына оларға үрке қарайтындарын қалай ұғуға болады?

Тек Ресей мен өз елімізде жоғарғы оқу орнының дипломы барларға жол ашық. Өз еңбектерімен, қайсарлығымен жоғары білім алған қандастарымызды алаалу күнә емес пе...

Ал, шындықты айтар болсақ, ақшаға қос-қостан диплом сатып алып, қол ұшынан жақсы орын-

дарға жайғасып жүрген жергілікті қалталылардың балалары елімізге не беріп жарытады. Алыстан келген бауырларымызды жер-жерлерде ел арасында надандықпен «қытайлықтар», «мұңғұлдар», «ауғандар», «қарақалпақтар» деп кемсіту қалыптасуына не дерсін. Тіпті, қалаларда пәтер жалдаудың өзінде алаалу орын алған.

Ал, бір қызығы Ресей жақтан келген қазақтарға ондай атау тағылмайды, өйткені біздің орысша (олармен ортақ) тәрбие алуымыз ұлттық жігеріміз бен қаншалықтымызды санамыздан өшіргендігі болса керек. Осы қалыптасып отырған мәселелерді жоғарыда отырған төрелер мен қоғамда ұлтының келешегі деп пікір туғызып жүрген белсенділердің де көрмегенсіп отырғанына таңымыз бар.

Келешекте қуатты дамыған ел болуды мақсат ететін болсақ мемлекет құрушы қазақ халқының өзіндік ұлттық санасына бабалардан қалған: намыс пен ар тазалығын, жігерлік пен қайсарлықты, адамгершілік пен бауырмалдықты, қанағатшылдық пен төзімділікті, ізгілік пен кең пейіл жомарттықты қадірлейтін қасиеттің сіндіруге күш салуымыз қажет. Біз, өзімізді ешкімнен төмен ұстамауымыз қажет. Өйткені қазақ халқының табиғат берген байлығы мен қасиеті мол. Біз сол бір, қазақтың басынан өткен тағдырының қасіретінен жалыны өшіп, шоғы күлге айлана бастаған тегімізге тән құндылығымыз рухани жігеріміздің (ұлттық пассионарлық) ұшқынын алаулаған отқа айналдыруымыз қажет.

Ол үшін бізге әлемдегі барша қазақтың ұлы мақсаты атажұрттағы отау құрған мемлекетің шаңыра-

ғының биік, қабырғасының берік, тәуелсіздігінің жұлдызы мәңгі жарқырап жануына атсалысуы қажет. Яғни, «әр қазақ менің жалғызым» деп ұрандағанда біз, қазақ жерімен шектелмей, бүкіл дүниежүзіндегі әр қазақтың намысын қорғайтынымызды айтуымыз керек.

Қазіргі шетте жүрген қандастарымызды мүкіншілігінше тездеп ата жұртына қайтарудың қамын жасағанымыз жөн. Қазіргі «квота» деген шектеуді тоқтатып елге келем деген қандастарға барынша жағдай жасап, шетте жүрген бес миллион қазақтың көшіп келуін қолға алайық — ол елдің келешегі.

Қаржылық мәселе деген жай сылтау, өйткені қиыншылығы мол соғыс жылдарында сонау Қиыр шығыс пен Кавказдан қазақ еліне жер аударылып келген халықтарды қазақтардың мейірбандықпен қарсы алып, барыменен бөліскенін ата-аналарымыздың өнегесін ұмытуға бола ма.

Біздің айтып отырғанымыз — мақсаты бір өз қандастарымыздың тағдыры. Жер бетіндегі ат төбеліндей қазақтардың бірігіп ұйысуы Тәуелсіз елдің мәңгілік мықты болуына жол ашады.

Сондықтан қазірден бастап қоғамдық сананың өзегі мемлекетшілдік сезімін әр қазақтың көкірегіне ұялату үшін барша қазақтың ынтымағы мен бірлігін нығайтуымыз қажет. Бабалардың: «Бөлінгенді бөрі жейді» деген даналығын естен шығармайық.

Болат ДҮЙСЕБЫ,
саясаткер-экономист,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



«Нация без совести — это нация без души.
Нация без души — это нация обреченная на гибель».
Уинстон Черчилль

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды» дегені мәлім. Оқырман назарына ұсынылып отырған төмендегі дүние осы ойды мейлінше қуаттай түседі.

Абай — өз қоғамының шамшырағы, замана сыншысы һәм тамыршысы, әділеттің ту ұстаушысы, жалынды, от жүректі жыршысы, түзу жол, дұрыс өнеге көрсетуші, үйретуші тәлімгер. Қалам қайраткерінің «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1886), «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» (1886), «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» (1886). «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» (1886), «Келдік талай жерге енді» (1890), «Бөтен елде бар болса» (1887), «Сабырсыз, арсыз, еріншек» (1887), «Болыс болдым, мінеки» (1888), «Мәз болады болысын» (1888), «Бай сейілді» (1890), «Сәулең болса кеуденде» (1888) және т.с.с. өлең-жырларында әлеуметтік көзқарас, психологиялық қайшылық, ұлттық-мәдени, заманауи, тұрмыстық-шаруашылық мәселелер суреткерлік тапқырлықпен, сыншылықпен өрнектеледі, ойшылдықпен сәулеленеді, терендікпен нысанаға дөп түседі, шыншылдығымен қабылданады. Мұның төркіні — ойшыл ақынның әлеуметтік тәртіп, әкімшілік пен заң негіздерінен терең, жан-жақты білімі болуы (өзімен рухтас ғұлама, ұлы шайыр Жүсіп Баласағұнның «Адам ісін бар біліммен бастаса, Ол іс кетер тілегімен астаса. ...Тілі өткір қылыштан да қиып өтер, Жіңішке ой орамы қылдан бетер» дегеніндей), саяси, этикалық, эстетикалық ұстанымының артықшылығы, өмір жолындағы, тағдыр талқысындағы, даналық болмысындағы бай да байтақ тәжірибесі орасан қисапсыз көркемдік, пәлсапалық құндылықтар әлемін тудыруға шексіз мүмкіндік берген.

Құбақандай «жүз құбылған, жүзі күйгір» тұрлаусыз, жүгенсіз, қотыр сөздерге үйір көрсоқыр, көбік ауыз, өсектеуді, ғайбаттауды, судай сапырғыш, қотарғыш, жампақтаған жарамсақ, жылпылдақ антұрғандардың, найсаптардың, лағнет атқандардың кескін-келбетін келісті ыспаттайды. Мұндай оспадарлықты сол бір қоғамның айнасындай «Бөтен елде бар болса» өлеңінде былайша баяндалады:

...Татулықты бұрынғы
Не қылып ол ойласын?
Ашып берер жауына,
Өзі көрген қоймасын.
Ескі досын көргенде,
Есебі жоқ ант ішіп,
Аруақ, құдай айтысып,
Сыр алғалы айттым деп,
Жауынды алдап қайттым деп,
Құдайдан қорықпай, антұрған,
Иман жүзін тоздырар.
Амалдап, алдап, азғындықпен, арам-

дықпен тіршілік ететін, «ауыр мен жеңілдің арасымен өтетін» жағымпаздың зорын, бишараның қорын:

Пәленшені ұрам деп,
Түгеншені қырам деп,
Таршылықта қайрандап,
Кеңшілікте ойрандап, — деп, берекесіздігіне мінездеме береді. Мұнысын одан әрі үстемелеп «Бықсып шіріп ішінен», «кісімсініп жалпылдап», «томырық келер тарқылдап», «сасық пандау», «қырт мақтаншақ», «Қалжыңы — теріс, сөзі — ұрыс», «Қазан бұзар бір қырыс» дейтін сипаттамалары ел ішіндегі ала-құлалықты, мешеулікті мәлімдейді. «Келелі кеңес» зым-зия болды. «Ел сыбырға, іс жыбырға» көшті. «Ел жамаған» есті, жігерлі, қайратты, қайраткер билер де, бітімші де айбар да жоқ. «Астыртын барып жолғасқан, Ақша беріп жалғасқан» құлқын құмарлар шықты.

Орыс сыяқ қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер

Аз жүрегін жалғайды...

...Қызығы кеткен ел бағып,
Қисыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер
Күнде ертенге талмайды, — деп, «елмін деген салты бар» болса да, «ел нұсқасының» омыртқасы үзілгенін қанын сорғалатып солқылдата жазады.

Ойы ұшқыр, әр нәрсені, әр құбылысты сарабдалдықпен саралайтын Абай қамысты бос ұстасан, қолынды кесетінін, қасынды бос ұстасан, төбенді тесетінін анық түсініп, поэзия тілінде олардың жымысқы, зымиян іс-әрекеттерін «қисынымен қызықты» ғып өріп, гөй-гөйлете сөйлетті.

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» дейтін зарлы толғауында «елдің сиқын» ондырмай кетірген құртша құжынаған, «пыш-пыштаған» «өңкей қыртын», «өңкей қикым», «байғұс қылпындарды» өткір тілмен шенеп, замана запыранын жүрек айнырлықтай ғып суреттейді.

Абайдың түпкі мақсаты — М.Әуезовше айтқанда, «елдің мінезін түзеу». Мына бір шумағында Абайдың өмірден

түңілген, бір басын қайғы бұлты бүркеп тастағандай. Задында, «ол бұрынғы зардың саркыты емес, өз жүрегіндегі сырын айтқан сыршылдықтың сарыны. Бұл да — Абай өлеңіндегі жаңа түрдің бірі. ...Абай өлеңіндегі беттеген бағыт, құлаққа естілген сарынның сарыны екені байқалады. Ол — ашық тілек, айқын ұғымның, здоровый реализмнің сарыны» деп жазады ұлы абайтанушы.

Расында да, Абай ойларының көркемдік-эмоционалдық, психологиялық, интеллектуалдық мазмұны өте-мөте күшті, жойқын, алапат.

Ендігі жұрттың сөзі — ұрлық-қарлық. Саналы жан көрмедім, сөзді ұғарлық. Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ, Мейір қанып, мәз болып қуанарлық. («Көңілім қайтты достан да,

дұшпаннан да»).

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» дейтін өлеңінде «терін сатпай, телміріп көзін сатқан» жас балалардың түрінен шошығанын және би, болыс, елу басы, ұлық сияқты әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерін жіпке тізіп, мензеу тәсіліне көшеді:

АБАЙ және



Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тілеген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,

Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.
Бір атқа жүз құбылған, жүзі күйгір.
Өз үйінде шертиген паны құрсын.

Абай «Ем таба алмай» дейтін өлеңінде «Елің — ала, отты шала, Тайса аяғың, кім көмбек» деп, бір жағынан күйініп, бір жағынан налыса, ал «Сәулең болса кеуденде» өлеңінде ел басқарудың жөнін, жобасын, тәртібін, қағидатын, мұрат-мүддесін қозғайды. Берекелі, құтты, бірлігі мықты ел қандай, береке-құты қашқан жұрт қандай екенін пайымдайды. Сонан соң елдің жақсысы, бастаушысы қандай болу керектігін яғни «Единица — жақсысы, Ерген ел бейне нөл» деп сипаттайды. Көркемдік те, көрегендік те, өмірлік те тәжірибесі ағыл-тегіл Абай тілдік, стильдік тапқырлықтарға, қарама-қарсы мәнді ұғым-пайымдауларды салыстырып, тұжырымды түйін жасауға, пікір түйе, қысқасы, ұлттық поэтикада жаңаша, тосын шендестіру тәсілін өнерпаздықпен қолданады да, деректі жаңа ұғымдар туындатады («Сәулең болса кеуденде» — «Егер сәулең болса»; «Берекелі болса ел» — «Берекесі кеткен ел»).

Сәулең болса кеуденде,
Мына сөзге көңілің бөл.
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.
Танымассың, көрмессің,
Қаптаған соң көзді шел.
Имамсыздық намазда —
Қызылбастың салған жол.
Көп шуылдық не табар,
Билемесе бір кемел?


Берекелі болса ел —
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел.
Жан-жағынан күркіреп,
Құйып жатса аққан сел,
Оның малы өзгеден
Өзгеше боп өсер тел.
Берекесі кеткен ел —
Суы ашыған батпақ көл.
Құс қаңқылдап, жағалап,
Сулай алмас жазғы төл.
Оның суын ішкен мал
Тышқақ тиіп, аспас бел.
Көл деп оны кім жайлар,
Суы құрсын, ол — бір шөл.
Единица — жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл?
Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса, жақсы сол.
Рас сөзге таласып,
Ақжем болма, жаным, кел!

Бұл жерде он үш ғасырлық түркілік дәстүр де жаңартылған. Мысалы, Күл-тегін ескерткішінде: «Бір кісі жаңылса (хан, ел басы), ұрпағына (ұрпағыңның ұрпағына) дейін зардап шегеміз» дейтін афоризм таска қашалып жазылған. Жүсіп Баласағұн:

Ессіз басшы билесе — ел-жұрт шөгеді,
Ел азады, халық азап шөгеді.
Ел билеуші есті болса, білімді, —
Береке орнап, елге нұрын себеді.
Білімді адам көтереді иықты,
Білімсіз жан бықсыған от сияқты.
Ел бақыты — осындай бек бастаса,
Бек бақыты — елі теріс баспаса [39].

От ауызды, орақ тілді, қыран жүректі
Абайдың ақындық тұлғасы «Бай сейілді» дейтін өлеңінде өзгеше қуат-сипаттармен көрініс тапқан. Турашылдықтың, әділдіктің, сыни көзқарастың жемісіндей. Түнілдіріп, жер күңіrentіп, шошындырып



ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

айтады. «Елде жақсы қалмады», «Қағып, елін қармады» дей келіп:

Танымадық,
Жарымадық,
Жақсыға бір іргелі.

Қолына алып,
Пәле салып,
Андығаны өз елі.

Я болмаса бұл ойын әрі қарап өрістетіп:
Ел де жаман,
Ер де жаман,
Андығаны өз елі.
Елде сыяз,
Ойда ояз
Оңбай-ақ тұр әр түрі
деп, бірлік пен ерліктің азып-тозғанын, «пейілі шикі, ақылы күйкі», жұрттың кейпін бедерлейді.

Әсіресе, ұлықтардың өз елін шыр-мауықша шырмап андуы, аяғын қия бастырмауы, іс-әрекеттеріне оралғы болуы (қазіргі заманғы қағазбастылық, рейтинг, платонус, видеокамера, үйме-жүйме битше өрген іске кедергі, бірін-бірі қайталайтын орындаушы-қызметкерлер ғой, дәлелсіз сөз жүгірту сияқты әдепсіз қылықтары) өткір әжуаланып әшкереленген.

Абайдың осы бір тотияйындай уытты сөзінің әсері болу керек, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан: «Жұрт ғаділ болмай, жұрт ісі ілгері баспайды, өзіне-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу, шеберлік болмайды» депті [40].

Алаш көшбасшысының Абай сөзін әрі қарай жандандырып жаңғыртуының жөні былай: Петербургте 1903 жылы жарияланған «Россия. Толық географиялық сипаттама» дейтін көптомдықтың 18-томы Ұлы дала тарихына арналған. Осындағы «Қырғыз аймағының территория бойынша орналасу тәртібі және оның этнографиялық құрамы, тұрмысы мен мәдениеті» тарауында Абайды қазақтың жаңа жазба әдебиетінің негіздеушісі екенін айтып: «Енді поэзиядағы жаңа ағымның өкілі ретінде Құнанбаевты — формасы жағынан айрықша және мазмұны тұрғысынан арынды көптеген өлеңдердің авторы деп атауға болады. Осы автор «Евгений Онегин» және Лермонтовтың өлеңдерін жақсы аударған, сондықтан да Семей әншілерінің аузынан «Татьянаның хаты» атты өлеңін тыңдауға болады)». Бұл — тарихи әдебиеттегі Абай туралы бірінші сөз еді.

Абай азу тісі балғадай сегіз қырлы семсер сөздің шебері. Көздеген нысанасына құралайды көзге ататын хас мергендей дәл тигізеді, тотияйындай ойып түсіреді. Қоғам денесіндегі сыздауықтарды, адам бойындағы пәлекеттерді өткірлікпен түйреп, от түкіріп, от шайнап жайратып тастайды,

тулақша сілкеді. Бұл оның турашылдық, әділеттілік, қайраткерлік, әлеуметшілдік туа бітті табиғатынан, от мінезді рухынан Абайтану ілімінің білгірі Мұхтар Әуезов Абайдың ақындық өнерінің осы бір таңғажайып ерекшелігін көрегендікпен көрсеткен-ді. «...Абайдың өзіндік, даралық ерекшелігі — адамдық, әлеуметтік турашыл және шыншыл бітімі» — ... ол Лермонтов үлгісінде немесе Некрасов, Салтыков-Щедриндер дәстүрінде қоғамдық жаманшылық маскаралықтарды туралап шаншады. Басқа соғып, көзге шұқып отырып айтуды ақынның айқын жолы деп біледі. ...Добролюбов үгіттеген жол бойынша ызалы шабытпен, тура шабуылмен «түнлігін ұшыра соғып» айту керек деп ұғынады» [32,119].

1....Абұйыр, атак сол жанда,
Кімді көп жұрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайда,
Көп мақтауын таппаса?

Көп тәңрі атқан мақтай ма,
Ол тәңрі атқан болмаса?
Жоқты-барды шатпай ма,
Көптің өзі оңбаса?

Мақтау — жел сөз жанға қас,
Қошеметшіл шығарған.
Бір мақтаса боқтамас
Ел табылса, құмарлан.

Жұрттың бәрі сөз сатқан,
Сатып алып не керек?
Екі сөзді тәңрі атқан —
Шыр айналған дөңгелек.
(«Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?»).

2. Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы аңдарсын.
(«Өзгеге, көңілім, тоярсын»).

3. Өзін жалғыз, надан көп,
Ұқтырасың сен не деп,
Әулекі, арсыз елге енді?
(«Келдік талай жерге енді»).

Абайдың индивидуалдық-авторлық көзқарасы, заманды, қауымды түсінуі, ой күшімен, жүрек тереңімен, зейін-зердесімен бағалауы да бөлек. Ол қара дауылға қарсы ұшқан қырандай, оттан, судан қайтпайтын көзсіз батырдай, қара балтадай қайраулы қара нардың өзі. Мұхтар Әуезовтің «Абай өз заманының ішінде өз қайратына сенген өршілдікпен құлаштайды» дегені қаны сорғалаған шын сөз, шын баға. Бұнысына мына өлеңді айғақ етуге болады:

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын
Түбін ойлап, уайым жеп айтқамын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқамын.

Әрбір істің, әрбір сөздің түпкі себебі мен салдарын артықша түсінеді де, қара терге, қып-қызыл бейнетке тап боларын білсе де, ел келешегі үшін ел сөзін, ердің сөзін шегелеп айтады. Арланбайды, жалындайды.

Мұнан әрі әділ сот жасайды. Замана мешеулігін, жұртының нәуетектігін әшке-релеп, «түзу жолға» түсуін қалайды.

Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,
Бірінен бірі шапшаң ұқпас сөзін.
Көздің жасы, жүректің қаныменен
Ерітуге болмайды іште мұзын.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тындасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Адасып алаңдама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.
«Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол»

дейтін өлеңінде:
Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,
Ондай жерде сөз айтып болма мазак.
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ, —
деп, сөз қаһарын жаңбырша жаудырып, қыранша шүйлігеді. Әрбір сөзінің динамизмі, драматизмі, ішкі шамырқанған серпін-қуаты, мағынасы, ішкі логикасы мейлінше ала-бөтен. «Жаманға айтқаның тамға сөйлегенмен бірдей» деп меселі қайтпайды, мысы құрымайды, қайта «Оян, қазақ» деп дабылдатады.

Абай отаршылдықтың қамытын мықтап киген казак жұртын қайғы-шерін қара жерді қайыстыра айтпаса да, терең ишаратпен, астарлап-тұспалдап, мысқалдап жеткізген. «Сегіз аяқта» мынадай жолдар бар:

Өтірік, ұрлық,
Өкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылмас.

«Өкімет зорлық құрысын, көзің ашылмас» дейтін бір ғана зілді, сесті сөйлемнің өзі отарлық езгінің қан-қасап қорлығын паш етеді. XIX ғасырдың толық шыңындағы білу үшін Ахмет Байтұрсынұлының «Қонсылық жайында» дейтін көсем сөзіне де құлақ қойған дұрыс болады деп санаймын.

«Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы қазақта, екінші ұшы орыста. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айырылып алып жатыр. Жерді қолында қатты ұстау, бос ұстау қазақтың өздерінен. Оған біз не істейміз?

Қазақ жері қазақтан кетпес еді, қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсандар.

Жерін алдыруға болмаса, алдырмасқа іс қылған қазақ жоқ: Әркім өз жерін ғана ойлайды, өз басының ғана қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеп іс қылып, жұрт пайдасы мен залалына тіпті қарамайды. Жұрт жері кетпесе, менің де жерім кетпес, жұрт жерден айырылса мен де жерден айырыламын ғой деп ешкім де ойламайды. Сондықтан жұрт үстіндегі, көп ортасындағы жер ғой деп сатып, пайдаланып қалайын деп ойлайды. Мұжықты қазақ жеріне үйір қылып, қонсы қондырған әуелде де осылай ойлағандық еді, осы күнде де сол ой қалған жоқ.

Қазақ жеріне мұжықтарды шақырып кіргізген үкіметтен бұрын қазақтардың өздері емес пе? Қазақты бағып тұрған хакімдердің көбі келген мұжықтарды орнықтырмай, көшіргендері де болған. Дала уалаятының генерал-губернаторы Колпаковский қазақ жері өздеріне де тар, мал жаюға жер жетпеген соң, қазақ орыстардан хәм Тобыл губерниясындағы орыс жерлерін жалдап, мал жайып отыр деп көрсеткен. Бірақ қазақтардың өздері келген мұжықтарға жерін беріп, құшағын да жайып, қойнын ашып, қабыл алып, отырған соң, Колпаковскийдің қазақ жерін қорғап, қызғанғаны босқа қалған. 1882 жылы Жалғызкөл деген жерге түскен қаланы қисынсыз отырсын деп Колпаковский көшірген, 1888 жылы 17 наурызда шыққан генерал-губернатордың бұйрығында Семей облысында еш жерде мұжықтар қала салушы болмасын деген.

Бұл бұйрықтардың бәрі де орнына келмей, құр қағаз бетінде қалды. Өйткені, мұжықтарға жер керек болды. Жұрт қамын ойлайтын қазақтың бас адамдарына жұрт пайдасынан гөрі өз пайдалары жақынырақ болды. Жұртқа келер залалға қарамай өздерінің жер сатып, байып алғанын артық көрді. Бір жағынан хакімдер қазақ жерін қорып, бұйрық шығарып жатқанында, бір жағынан мұжықтар мен казактар хакімдерден жасырын, жерді бірі сатып, бірі алып жатты...»«Қазақ» газеті» №34, 1913 жыл 16 қазан.

Қазақтың тура өзіне, жерінің тағдырына қатысты. Қай заманда болмасын қазақтың алдынан шығатын мәселе бұл.

Абайдың әлеуметтік қызметі — елді дұрыс жолға, түзу жолға түсіру, ұғындырып түсіндіру әрі қоғам дертін, сырқатын ашық айыптау еді. Ата-бабаларының «дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады» дегенін ақындық ұстаным еткен ердің өзі еді. «Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол» дегенінде найзағайдың отындай жайпайтын наркескендей өткір «Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ» десе, «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» өлеңінде «Ала жылан, аш бақа күпілдектерді» «Не пайда, не залалды біле алмай жүргендерді» әшкерелесе, «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» өлеңінде: «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып» деп шындықты шырқыратып, міндерін бадырайтып айтса, «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық» өлеңінде: «Жарлылық, жалыншыты жалтаң көздік, Сүйкімі, икемі жоқ шалдуарлықты» шенесе, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» өлеңінде:

Наданға арам ақылды құлаққа ілмек,
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.
Рас сөздің кім білер қасиетін?

Ақылсыз шыңға сенбей, жоққа сенбек.
Я болмаса:
Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Женді ғой деп шайтанға болар көмек, —
деп, миы аузына түскендерді «қабаған итше өшіккендерді, қара қарғаша шулағандарды» сөз қамшысымен сілейтеді.

Осы ретте орыс ақыны Александр Блоктың:

Россия, нищая Россия,
Мне избы серые твои
Твои мне песни ветровые —

Как слезы первые любви, — дейтін лебізі ойға оралады.

Серік НЕГИМОВ
Филология ғылымының
докторы, профессор
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері
Астанда

Заман ілгерілеген сайын ел мүддесін діттейтін ұлттық басылымдардың міндеті ауырлай түскендей көрінеді. Себебі, Тәуелсіздік жүгі жеңіл емес екен, кейінде кемел ел келешегін көксейтін әр зерделі ұланның жауапкершілік салмағын сәт сайын жіті сезінетіні анық. Енді осынау дербестікті баянды ету де оңайға түспейді. Шапса тұлпар тұяғы тозатын, ұшса қыран қанаты талатын ұлан-ғайыр Даламызға жақын да, алыс көршілеріміздің қай-қайсы да ежелгі көз сұғын қадау дағдысын қоя алмайтын шығар. Дүбірлі заманалар тоғысында ауа жая түскен Жаһандану деген «жалмауыз» және бар. Жер-жерде соғыс ошақтары көбейді. АҚШ секілді гиперимпериялардың дүние жүзіндегі демократияны реттеу желеуімен қиырда жатқан өзге елдерге озбырлық көрсетуі етек алды. Қазір Бағдатта жарылған бомба күрсілі шалғай қыстақта отырған шаруа қазақты да тіксінтеді.

Ойланудың бір мұраты – «Өзінді тану». Қытай идеологтері жастарды «Бүкіл әлем сенің өз бойыңда шоғырланған» деп үйретеді дейді. Өте қисынды сияқты. Біз де асылды ылғи айдаладан іздей бермей, өз маңайымыздан, көл-дария халықтың жүрегінен қарастырып, қанымыз жөн шығар. «Қазақ үні» басылымы бұл бағытта да небір ілкімді істерді атқарып келеді деуге негіз мол.

Реті келгенде айта кетейік,

Осы кезең ішінде халықтық мұрат бағытында тілдескен, пікір алысқан кейіпкерлеріміздің аты-жөнін келтіре бастасам сала-құлаш тізім шығатыны анық. Мысалы, Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовпен («Ұлтшыл деген атағымды бәрінен биік қоямын»), атақты ақын Темірхан Медетпекпен («Тәуелсіз Қазақ елінде Темірқазақ – тек ұлттық идея болуы тиіс») дегендей әңгімелеріміз немесе «Ретро-сұхбат» айдарымен жазылған Халық

да болса ақиқатын айтайық» және басқалары.

Сол секілді әр жылдарда «Ару – ана» айдарымен көптеген мақала дайындаппыз. Мұнда танымал шығармашылық адамдарының жарлары жайында сөз болады. Мысалы, бұл жанрда Гүлбарам Батырбекқызы (Сәкен Сейфуллин), Бибіжамал Мұхамеджанқызы (Бауыржан Момышұлы), Клара Жағыпарқызы (Әди Шәріпов), Асыл Қабышқызы (Қасым Қайсенов), Бәшен Баймұратқызы (Бердібек Сокпақбаев), Раушан Толыбекова (Жүсіп Алтайбаев), Ұрниса Айбергенова (Төлеген Айбергенов), Халима Бекмаханова (Ермұқан Бекмаханов), Дариға Тілендиева (Нұрғиса Тілендиев), Гүлбараш Байтоғаева (Мүсілім Базарбаев), Зайда Жанайқызы (Қалижан Бекқожин), Сапаргүл Абызбаева (Бәкір Тәжібаев), Майра Бірләнқызы (Зейнолла Серікқалиев), Әлия Бөпежанова (Аскар Сүлейменов), Фарида Закарина (Дәуітәлі Стамбекұлы), Зинура Мырзабекова (Кеңшілік Мырзабеков), Тұрар Бәйгелқызы (Жәнібек Көрменов) т.б. қамтылды.

Бұған қоса арагидік «Құснихат» деп аталатын хабар жүргіздік. Мұнда да танымал тұлғалардың әр жылдарда жазылған хаттарынан шыр шертілді. Сирек хаттарды үнемі мемлекеттік Орталық мұрағаттан алып отырыппыз.

Сол секілді «Әуестік әлемі» айдары арқылы қазақ зиялыларының негізгі шығармашылықтан қол бастағы ермегін сөз еттік. Осы арқылы қаламгерлер өмірінің қалтарыс-қырларын, творчестволық лабораториясын ашуға тырыстық. (Мәселен, қамтылған жазушылардың арасында: Бауыржан Момышұлы, Жүсіп Алтайбаев, Қалижан Бекқожин, Тәкен Әлімқұлов, Төлеген Айбергенов, Қалмұқан Исабаев, Әкім Тарази, Қабдеш Жұмаділов, Жүмекен Нәжімеденов, Герольд Бельгер, Олжас Сүлейменов, Қадыр Мырза Әли, Оразакын Асқар, Софы Сматаев, Сайын Мұратбеков, Тұманбай Молдағалиев, Өтежан Нұрғалиев, Темірхан Медетбек, Свет Оразаев, Дулат Исабек, Бексұлтан Нұржеке, Әшірбек Сығай, Сұлтан Қалиұлы, Сағат Әшімбаев, Несіпбек Айтұлы, Дәуітәлі Стамбекұлы, Ұлықбек Есдәулет, Жұматай Жақыпбаев, Нұрәулет Ақыш, Жадыра Дәрібаева, Ибрагим Иса, Таласбек Әсемқұлов, Әбділдабек Салықбай, Ғалым Қалибек, Роза Мұқанова, Талаптан Ахметжанов, Алмас Ахметбек, Алмат Исаділ, Қайырбек Шағыр, т.б. бар. Кейін Төрегелді Шарманов, Асанәлі Әшімов, Есмұхан Обаев, Қайрат Байбосынов, Токтар Әубәкіров, Болат Атабаев, Гүлмайдан Сүндетова есімдерімен толықты. Сол секілді белгілі журналистер – Максат Дүйісмағамбет, Қыдырәлі Қойтай, Темірхан Момбек, Мейрамбек Төлепберген, Есей Жәнісқұлы, Құдайберген Сұлтанбаев, Аяғұл Мантаева, Серік Қали, Серік Жанболат, Тұрмағамбет Кенжебай, Әлібек Шегебай, Ертай Нүсіпжановтарды қамтыдық).

Жалпы алғанда, жазудағы басты кредомыздың бірі – оқырманды құрметтеу еді. Яғни, негізгі ұстаным – мейлінше адалдық. Ақ қағаз алдында ар-намыспен бетпе-бет келгендей, шама келгенше шындықты айтуға ұмтыламыз.

Мұның бәрі, сайып келгенде, «Қазақ үнінің» өзіндік мектебі болып шығатыны түсінікті болар.

Құлтөлеу МҰКАШ,
«Қазақ үні» газетінің
бас редакторы

БІЗДІҢ БАСЫЛЫМ ДА – АЙТУЛЫ МЕКТЕП

Геосаяси, геоидеологиялық тартыстар алыс мемлекеттерді былай қойып, кеше ғана бір «шапаннан» шыққан ТМД елдері арасында да ширығып тұр. Қырғи-қабақ соғыс пен басқыншылықтың көбі қай құрлықта болсын ең алдымен «жер дауы, жесір дауынан» басталатыны түсінікті.

Ал Нарық аталатын «мырзаныз» өзіміздің кеңқолтық ағайынның өмір салтын да күрт өзге арнаға бұрды. Аз ғана аралықта ауыл тұрғындарының табиғаты танымастай өзгерді. Адамгершілік қасиеттер кейінірек ысырылып, ілгергі кезекке ақша мен дүние-мүлік шықты. Бір кезең ғылым-білім, мәдениет... өнер салалары ескерусіз қалуға айналды. Іргелі мемлекеттермен иық тенестіруге ұмтылатын елге аса қажетті өзге де көптеген құнды жәйттерге жете мән берілмей, «балапан басына, тұрымтай тұсына» кетті. Жаңаша дәуірдің осындай ит-ырғылдың «тәртібі» қырдағы кей бауырымызды бір-бірінің малын «барымталаып», қаладағы қарындасты көшеде тұрып тәнін сатуға итермеледі...

Сонда Тәуелсіздігінің отыз жылдығын, салыстырмалы түрде, кешелері ғана атап өткен жас мемлекет әлемдік өркениет кеңістігіне осындай «жетістікпен» көтерілмейші ме?! Баяғы кәсіпкермен құрылысшысының моральдық қағидалары, бір қарағанда қаншалықты «дұрыс» көрінгенімен, үрдісі қатал нарық заманына жарай қоймайды екен. Ендеше қандай жолды таңдаған жөн?

Бұл бағытта, әрине, көп бас қатырудың қажеті жоқ, адастырмас Темірқазақ – Ұлттық салт-санаға бет бұру қажеттігі түсінікті. Онда да жаңа заман талаптарын эмпиризмдік көзқарас арқылы, оның ішінде өз ата-бабаларымыздың даналығының көмегімен безбендесек қателеспейміз. Айталық, Абай атамyzдың «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос!» деген өсиеті, әсіресе, қоғам мен жеке бастың, адам ара-қатынасы аспектілерінің маңызды екені айқындалған жаңаша кезеңде тіптен орынды сияқтанады. Бұл тұрғыда дамудың көкейге қонбайтын (мысалы, «таза қытайлық» немесе «тайландтық» аталатын) «дайын формулалары» ұсынатын сәуегейлер «теориясынан» мүлде тың, яғни, тек өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізге бағытталған кәсіби әңгіме қажет еді.

Қарап отырсақ, шыға бастағанына жиырма бес жыл болған «Қазақ үні» басылымында қамтылмайтын сала жоқ сияқтанады.

Мәселен, қазақ халқының тамақтану дәстүрінің дұрыстығы Батыс зерттеушілерін қайран қал-

дырған. Демек, бұл халықтың ауттану тәртібіне қатысты айтыла беретін бұрынғы сын мүлде негізсіз болып шығады. Сол сияқты көшпелілердің ертеден қалыптасқан Неке құру, Бала тәрбиесі институты да теңдессіздігімен тамсандырған. Бұған қарағанда, Қазақ даласының өркениет тамыры тым тереңде жатыр. Биік Ұлт мұратын көксейтін басылым тілшілері сол мұралардан сыр тартып, халық жүрегіне жеткізуде бір сәт өздерінің сарапшы-саясаткердің де, экономист пен әлеуметтанушының да, заңгер мен психологтың да... жазушы мен тарихшының... тәрбиешінің де міндетін бірдей атқарып отырғанын аңдай ма, аңдамай ма? Әйтеуір, «артқаны алтын, жегені – жантақ» демекші, Ел мүддесі жолында аянбай тер төгіп жүрген осынау қиын да, қызықты және қастерлі кәсіп иелерінің жүрек лүпілін көзқаракты тыңдаушы лайықты бағалай білсе ғанибет емес пе.

Техникалық прогресс қарыштаған заманда адам табиғатының құбылыстарын кең ашуға мүмкіндік туғызатын һәм дүниенің нәзік қалтарыстарын жалпылама сипатта емес, мейлінше нақты, өте дәл түсіну үшін ең алдымен әдебиет пен өнердің жәрдемдесетіні белгілі ғой. Сондай-ақ көп айтылатын Жаһандану дәуірінде жоғары моральдық максимализмге ұмтылуда өзіміздің адамгершілік идеяларымызға сай келетін жалпыазаматтық рухани құндылықтарға жүгінуімізге тура келеді. Ал оған тек төл ұлттық дәстүрлер арқылы ғана қол жетпекші. Демек, тағы да елді шындық пен әлеуметтік әділетке ұмтылып, өмірді шексіз сүюге жұмылдыруға тікелей қызмет ететін Әдебиетке мойын бұрамыз. Қазақ журналисі осындай «рецепттерді» жіті ескеріп отыруға тиісті.

Ол сондай-ақ көпшілікті ойлануға баулуы керек. Өйткені ойлану – өмір сүру! Алға ұмтылу! Бұл – қаңғырлаған желбуаз сөз емес. Кейінде халық әдеби шығарма оқуды азайтқаны аян. Ал оқымаса ой тоқырайтыны әуелден түсінікті жәйт. Кітап оқудың «сәннен» шығуына кері ықпал еткен түрлі себептер көп шығар. Электроника дәуірінің адамзат баласына тигізіп отырған пайдасы мен зияны бірдей. Біздіңше, оқырманның азаю сырының жөне бірі – дәлдіріш жазғыштар қатарының «нығаюында» жататындай. Халықтың кітап оқымауы – сол халтураның «жемісі» деуге негіз мол. Өйткені солардың сөреден түспейтін шатпырағынан көңілі суыған жұрт әлемдік классика туындыларын да көкжасық дүниелер деп қабылдауға көшкен.



кейінде кей ағайындардың ұлтқа қызмет ету идеясын орынды-орынсыз әсіре ұранға айналдырып, аяқ асты ету дағдылары көрініс бермей қалмайды. Сол жалған патриоттыққа құмарлықтың «зиялы қауым өкілдері» аталатын азаматтар арасында көп ұшырасатыны өкінішті. Біздің басылым осы ғадетпен де әуестенбеуге тырысады. Келтірілген пен бос дақыртқа үйірлік кімге абырой әперсін.

Бұл тұста мойындаған жөн, мәселен, менің жұмыс барысында өзіме де, өзгеге де көңілім толмайтын кездерім баршылық. Кейде, мәселен, «жазылатын дүниеге көркем әдебиет элементтерін қолданса теріс болмас еді» дегендей өз пікіріне өзің қайшы келіп, белгілі бір бағдарламалардан қыздың жиған жүгіндей тиянақтылықты... тақырыпқа сай нақтылық пен дәлдікті, дәйектілікті пен деректілікті... терең білімді... қысқасы, жан-жақты кәсіби біліктілікті көре алмай қынжылып, қабаржып отыратын сәттер болады. Әр дүниенің мейлінше шебер шығуын қалайсың. Бірақ, амал не, шығармашылықтың заңы солай – ылғи парлап самғай беру мүмкін емес. Бірде тоқырайсың, бірде сүрінесің... Белгілі тақырыпты мейлінше биік дәрежеде қаузауға кейде арының жетпейді, кейде дарының жетпейді...

Әйтеуір, газеттің қашанда асқақ сөйлеуге құмартпай, елдік мұраттар жолында қыруар міндеттер арқалап отырса да, орынсыз асып-таспай, қазақтың дәл өзіндей қоңыртөбел мінез ұстануын қалайсың.

Өзіміздің «Қазақ үні» басылымына келгеніме он жылдан асыпты.



ҰЛТҚА ДЕГЕН АДАЛДЫҚ АЙНАСЫНДАЙ

Құрметті «Қазақ үні» газетінің ұжымы және ардақты оқырмандары!

Ұлт үні мен ел үмітінің жаршысына айналған «Қазақ үні» газетінің 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Ширек ғасыр — тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен, қоғамдық сана үшін тұтас дәуір. Осы жылдар ішінде газет руханият пен ұлттық құндылықтардың, мемлекеттік мүдденің шынайы қорғанына айналды. Өзінің басты ұстанымына берік болып, «Руханият», «Ұлттық мүдде», «Мемлекеттік тіл» айдарлары арқылы елдік мәселелерді батыл көтеріп, мемлекет мүддесін қорғауда табандылық танытып келе жатқаны — ұжымның кәсіби біліктілігі мен азаматтық ұстанымының көрінісі.

Сонымен қатар, «Қазақ үні» газеті «Білім», «Денсаулық», «Саясат», «Экономика» және т.б. айдарлары арқылы ел өміріндегі әрбір саланың дамуы барысындағы елеулі өзгерістер мен оқиқылықтарды ашып көрсете отырып, қоғамның алға қарай адымдауына өзінің ықпалын тигізді.

Мен де осы қасиетті қарашаңырақтың бір кезеңінде қызмет етіп, халқымыздың көкейіндегі сөзді жеткізуге атсалысқанымды үлкен мақтанышпен еске аламын. «Қазақ үні» мен үшін тек газет емес, ол — жүректегі елге деген сүйіспеншіліктің, ұлтқа адалдықтың айнасы.

Мерейлі мереке қарсаңында «Қазақ үні» газетінің қоғамда көтермеген мәселесі аз екенін атап көрсеткім келеді. Атажұртын ансап келген ағайынның алдынан қордаланып шығатын мәселенің түйінін таркатуға да өзінің бар күш-жігерін жұмсаған да осы басылым.

Сонымен қатар, «Зан» айдары арқылы да халықтың заңсыздықтармен бетпекет келген жұрттың жанайқайын жұртқа жеткізіп, құзырлы орындар тарапынан оң шешімін табуына өзінің ықпалын тигізген газеттің еселі еңбегін білетін ойлы оқырмандары алғыстарын үнемі жаудырып жататын. Газеттің бас редакторы қызметін атқару барысында мен де өзіме жауапкершілік жүгінің артылғанын түйсініп, оқырманға ой саларлық дүниені жариялауға ұмтылдым.

Осы орайда газет өмірінің белгілі бір кезеңдерінде еңбек етіп, «Қазақ үнінің» мектебінен өткен талай-талай жас мамандар бүгінде биікке самғап, өмірден өз орындарын тапқан. Олардың әрбірінің жүрегінің түкпіріндегі басылымға деген ізгі ниеттері мен ілтипаттары басылымның қоғамдағы беделінің биік, абыройының асқақ екенін көрсетсе керек.

Бүгінгі ұжымға шығармашылық шабыт, қоғамдық ықпалы арта түскен абыройлы жол, оқырман сенімі мен қолдауы әрдайым серік болсын деп тілеймін. Ұлттың үні, халықтың сөзі бола беріңіздер! «Қазақ үнінің» оқырманы көп болсын! Жазарларыңыз таусылмасын қадірлі оқырман! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, әрбіріміз ел дамуына қал-қадірімізше үлес қоса берейік. «Қазақ үнінің» бағындырар белесі зор болғай!

Ізгі тілекпен,
Құлтас ДОСТАНОВ,
Шығыс Қазақстан облысы
әкімінің кеңесшісі,
«Қазақ үні» газетінің
бұрынғы бас редакторы



Назира БАЙЫРБЕК,
журналист, «Дарын» жастар сыйлығының иегері:

ЕҢБЕК ЖОЛЫМНЫҢ «ҚАЗАҚ ҮНІНЕН» БАСТАЛҒАНЫН МАҚТАН ТҰТАМЫН...

2001 жылы Түркістандағы Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітіріп, Алматыға жұмыс іздеп келген едім. Сонда марқұм ақын Темірше Сарыбаев ағамыздың кеңесімен «Жас қазақ үні» газетіне бас сұқтым. Қазыбек Иса ағамыз жылы шыраймен қарсы алды. Ең алғашқы мақалама дейін есімде. «Ақынға жар болу оңай ма?» деп аталатын сауалнама жүргізген болатынымын. Сол жылдары Төреғали Тәшенов, Ләйлі Сұлтанқызы сынды бүгінде есімі елге белгілі журналистер «Жас қазақ үні» газетінде жұмыс істеп жүрген-ді. Сонда шағын ғана ұжыммен осылайша елге орасан зор

пайда тигізуге болады екен ғой деп таңырқағаным есімде. Сол кездің өзінде-ақ, газеттің оқырманға ұсынатын тақырыптары, көзқарастары басқа газеттерден ерекшеленіп, еркіндігі, өткірлігі байқалып тұратын.

Сол уақыттан бері елімізде қаншама газеттер ашылып, олардың көпшілігі жабылып та қалды. Тәуелсіз газеттердің ішінде «Қазақ үні» сияқты тұрақты жарық көріп, өзінің оқырмандарын қалыптастырып, адал еңбекпен абыройға бөленген басылым болған жоқ. Дәл қазіргі кезеңде де ондай басылымды кезіктіру қиын.

Жиырма бес жылдың ішінде «Жас қазақ үні» бар «Қазақ үніне» айнал-

дырып, тәуелсіз басылымның үлгісін көрсетіп отырғаны үшін білікті басшы, белгілі қоғам қайраткері, ұлт жанашыры Қазыбек Иса ағамызға ризашылығым шексіз.

Ұжым мүшелерін бүгінгі мерейлі күнмен құттықтаймын! Шығармашылық табыс тілеймін! Бұдан да үлкен белестерге көтеріліп, қазақ қоғамына зор еңбек сіңіре берсін! Басқа басылымдардың тісі батып айта алмаған, жаза алмаған, мәселелерін көтеру арқылы елдің ерекше ықыласына бөленген басылымның беделі қашан да биік болсын! Осы газеттен еңбек жолымның басталғанын мақтаныш тұтамын.

Сейілбек САДЫҚҰЛЫ, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті Журналистика және саясаттану
факультетінің оқытушысы республикалық «Қазақ үні»
газетінің саясат бөлімінің 2013-2016 ж.ж. тілшісі:

«ҚАЗАҚ ҮНІ» – «ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ, ҚҰЛАҒЫ ҺӘМ ТІЛІ»

«Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынов газетке ерекше баға берген. Шын мәнінде қазақ даласындағы алғашқы газеттер «Түркістан уәлаятының газеті» (Ташкент, 1870-82), «Дала уәлаятының газеті» (Омбы, 1888-92). Бұдан кейін Ордада және Оралда ағартушылық бағыттағы «Қазақстан» газеті (1911-13), Орынбор қаласында А.Байтұрсыновтың ұйымдастыруымен «Қазақ» газеті (1913-1918), ақын-демократ М.Сералин ұйымдастырған қазақ тіліндегі тұңғыш журнал «Айқап» (1911-15) газеттері «маса» болып елді оятуға тырысты. Әсіресе, ел мен жер, ұлт мүддесі, жер мен елдің байлығы т.б. өткір тақырыптар газет беттерінен түскен емес.

Мамандар әр газеттің өз мінезі болады деген пікір айтады. Тәуелсіз Қазақстанның кеңістігінде көптеген газеттер ашылып та жабылып та үлгерген. Оқырманның көңілінен шығып, ұлттық мүдденің сойылын соғып, нарыққа да бейімделіп кеткендер жоқ емес. Әрі тіл, ел мен жер мәселесіне келгенде үндемей қалмайтын, өз позициясын еркін айтатын газеттің бірі һәм бірегейі Республикалық қоғамдық-саяси «Қазақ Үні» газеті. Иә, газеттің бірінші бетінен оның ұлтжанды газет екенін бірден аңғарасыз. Себебі, тіл мен ұлт мүддесі жайлы тақырыптар басты бетте айқайлап, мен мұңдалап тұрады. Демек, «Қазақ Үні»


нағыз жауынгер мінезді газет! «Қазақ үні» газеті республикаға белгілі қоғамдық-саяси ұлттық басылым. Өткірлігі мен әділдігі және көбінесе біржақты басылымдар арасында билікті де, оппозицияны да ашық та, батыл сынайтынымен ерекшеленеді. Ең басты мақсаты — Ұлт мүддесінің ұпайын түгендеу. Негізгі тақырыбы — мемлекет пен ұлт мүддесін қорғау.

Республикалық «Қазақ Үні» газеті бұрынғы аға газеттердің ізбасары! 1913 жылы жарық көрген қазақтың алғашқы басылымдарының бірі, ұлттың үні болған «Қазақ» газетінен 87 жылдан кейін дүниеге келген, бүгінде қалың Қазақ үні газетіне де 25 жыл толып отыр! Осы орайда, газеттің Президенті, ҚР Парламентінің депутаты Қазыбек Иса газеттің тынысы туралы былай деген еді. «Газет ешуақытта ұлт мүддесіне келгенде үндемей қалған жоқ. Қалың оқырманның үлкен үміті ақталып, «Қазақ үні» газеті бар қазақтың жырын жырлап, мұңын мұңдады. Басын бәйгеге тігіп, ханның да, қараның да көңіліне қарамай, халықтың сөзін сөйлеп келе жатыр. Сондықтан да, небір олигархтар мен қалталы топтардың, белгілі партиялар мен үлкен ұйымдардың басылымдары кешегі қиын-қыстауда жабылып жатса да, тек өз еңбектері мен ұлттық намыстарына сенген, санаулы ғана жалынды

журналистерден құралған, жаяу жүріп аттыдан озған «Қазақ үні» газетіміз жаралы болып жатқан күндерде де, майдан даласын тастап кеткен жоқ». Міне, осыдан газеттің өмірі тек тартыс пен күрестен тұратынын аңғаруға болатындай.

Газеттің қоғамға сіңірген еңбегі орасан зор. Мәселен, 2004 жылы Парламент депутаттары Мемлекеттік тілге қарсы шыққанда, дауыс беру стенограммасын жариялап жібергенде «Мемлекеттік тілді табанға таптаған парламент таратылсын!» атты сең қозғаған сенсациялық мақаласы қоғамды дүр сілкіндірді. Зиялы қауымның Сенат пен Мәжіліске Ашық хат жолдауына себепші болды. Оны көптеген баспасөз құралдары қатты қолдап кеткені белгілі. Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанда» біртуар қайраткер Шерхан Мұртаза: «Кімнің кім екенін білгін келсе, тек «Жас қазақ үні» газетін ғана оқып, біле аласыздар» десе, «Қазақ әдебиеті» газеті: «Жас қазақ үні» бір мақаласымен-ақ ұйқыдағы жұртты оятты» деп жазған еді.

Газеттің бұрынғы журналист ретінде бар қазақ үні болған «Қазақ Үні» газетінің ұжымын 25 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Өзім де осы газеттің саясат бөлімінде журналист болып еңбек еттім. Ұлт, саясат, қоғам, жер мен тіл тақырыптарын арқау еткен көптеп мақалалар жарияланды. «Қазақ Үні» газеті мың жасасын!



ШЫНШЫЛ БАҒЫТТАН АЙНЫМАҒАН

Жариялылық, ашықтық, бәріне бірдей мүмкіндік беру, елге қызмет ету, қоғамның айнасы болу — бұлар бұқаралық ақпарат құралдарының ортақ міндеті.

Әрине, баспасөз қолжаулық емес. Ашықтан-ашық жеке мүдделерге қызмет ету абырой әпермейді. Түрлі партиялардың мұң-мүддесін қорғау мемлекеттік мақсаттан биік тұрмауы қажет. Мұндай ойлар әрине бұрыннан да айтылып келе жатыр.

Қашанғыдай, баспасөздің өз ұстанымы, өзіндік бағыт-бағдары болуы тиіс. Бұл орайда баспасөз бәрінен биік тұруы қажет. Баспасөз елдік мұратты ғана мақсат етуі тиіс. Баспасөздің түп-санасында мемлекеттіктің нығайту берік орнауы қажет. Бес парыз исламның бес парызындай нық орнаған жағдайда баспасөзге деген сенім де арта түседі.

Осындай талап-тілектер жолында қызмет етіп келе жатқан бұқаралық ақпарат құралдары біздің елімізде әрине аз емес. Тіпті кейде газет-журналдың атында ғана айырмашылығы болмаса, бәрі бірінен-бірі аумай қалғандай көрініп те тұрады. Оның жақсы жағы да бар, жаман тұстары да жеткілікті. Жақсы жағы — біз бәріміз бір елдің мүддесін қорғап келеміз. Жаман жағы — инкубатор басылымдар жұртшылықтың жүрегін айнытып жібереді.

Бүгінгі қоғамда бәрінің бірдей көңілінен шығу оңай дүние емес. Тіпті ол қажет те емес. Биік мақсатты, елдік ұстанымды көздеген бұқаралық ақпарат құралдары өз жолынан адаспайды. Осындай ойды, осындай пікірді көңілге берік орнатып келе жатқан басылымның бірі — бізде «Қазақ үні» газет дер едім.

Бүгінде бұл басылым жиырма бес жылдан бері өз бағыт-бағдарынан айнамай келе жатқан, елдік мүдде жолында жаңылмай қадам басатын басылымға айналып отыр. Өз иесі, өз партиясының ғана көзқарасын басты орынға қоймай, мемлекеттік мүддеге қызмет ету, елдік сананы қалыптастыру жолында жұмыс істеу осы басылымға да тән болып келе жатқанын аңғару қиын емес. Бұлармен қоса, әрине, тарихи-танымдық болу, әдебиет, мәдениетіміздің бүгінгі бейнесінен хабар беру де қағыс қалып келе жатқан жоқ деуге болады. Аяғым ақсада да, жолым ақсамасын деген ұстаным байқалады. Мұның өзі біле-білгенге үлкен нәрсе.

Айтар ойын қаймықпай айту, дегеніне қол жеткізу бүгінгі таңда оңай дүние емес. Қиын-қыстау, қарбалас заманда, ой да көп, той да көп, қой да көп ортада ел көңілінен шыға білу Эверестке ту тіккенмен бірдей. «Қазақ үнінің» бүгінгі деңгейінен осындай ой түюге болады.

Әрине, өркімнің өз ойы бар шығар, дегенмен ортақ мақсатқа қызмет ету, елдің туын жоғары көтеру бәрімізге тән болуы тиіс. Осы жолдан айнамай келе жатқан басылымға алдағы уақытта да үлкен табыс тілеймін.

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
ҚР мәдениет қайраткері,
Ақпарат саласының үздігі, ақын

БАР ҚАЗАҚ ҮНІ – НАР «ҚАЗАҚ ҮНІ»

Елімізге белгілі республикалық «Қазақ үні» газеті жыл сайын мерекесін Ұлы Абай күнімен бастап, газет күнімен жалғастырады.

Биыл 2025 жылы 11 тамызда «Қазақ үні» газетіне 25 жыл толып отыр.

Иә, осыдан ширек ғасыр бұрын «Қазақ үні» газетінің алғашқы саны жарқ ете қалғанда Алаштың игі жақсылары ақ тілегін айтып, қуана құттықтаған еді. Әйгілі Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов, қазақтың ұлы ақындары Қадыр Мырза Әли, Тұманбай Молдағалиев, заңғар заңгер Салық Зиманов, атақты академик Өмірзақ Айтбайұлы сынды өзге де біртуар тұлғалардың Ақ батасын алып, Ақ жолымызды бастағанбыз. Қазір бұл тарландардың ешқайсысы да өмірде жоқ. Пейіште рухтары шалқи бергей!

Басылым ешуақытта ұлт мүддесіне келгенде үндемей қалған жоқ.

Қалың оқырманның да үміті ақталып, «Қазақ үні» газеті барша қазақтың жырын жырлап, мұңын мұңдады.



ҚАЙТА ЖАҢҒЫРҒАН ҰЛТ ҮНІ

«Иненің жасуындай болса да ұлтқа қызмет ет!»

Бұл — Алаш көсемдері көтерген ұран еді. Жетпіс жыл тұтас қызыл қорқаулар табанында тапталған ұран еді. Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған тоқсаныншы жылдар басында қайта көтерілді. Жетпіс жыл отаршыл саясат таптаған ұлт ұраны қайта көтерілді. Жетпіс жыл тұншыққан ұлт үні қайта естілді. Сол қайта жаңғырған ұлт үнінің бірі — «Қазақ үні» еді.

Ғасыр басындағы Алаш үні болған «Қазақ» газеті ғасыр соңында «Қазақ үні» болып қайта тірілгендей. Оны тірілткен — Қазыбек Иса. Газет жар салып дүниеге келгеннен табанға түскен ұлт тілін, дінін, ділін жайнаған тудай желбіретті. Жоғары көтерді. Оқырман да көтерілді. Ұлт санасы сілкінді. Жалынды жиырма бес құтты болсын «Қазақ Үні»!

Қазақтың Қазыбегі көтерген ұлт үніне айналдың! Алаш арыстарының «Иненің жасуындай болса да ұлтқа қызмет ет!» ұраны іске асты.

Бүгінде бұл газет арқасында қазақтың бір Қазыбегі мың Қазыбекке айналды. Тәуелсіздік туы тіктелді. Ұлттық санамыз алынбас қамалға айналды. Басты жеңіс осы еді. Жеңіс құтты болсын қаламдастар!

Смағұл ЕЛУБАЙ,
Қазақстанның Халық жазушысы



ХАЛЫҚ СҮЙІП ОҚИТЫҢ БАСЫЛЫМҒА АЙНАЛДЫ

Құрметті «Қазақ үні» газетінің ұжымы!

Қазақ баспасөзінде өзіндік орны бар, өзіндік бағыт-бағдар мен стиль қалыптастырған басылым — «Қазақ үні» газетінің 25 жылдық мерейтойы құтты болсын!

«Жас қазақ үні» деген атаумен танылып, жиырма жылдың ішінде бар қазақ үніне айналған қоғамдық-саяси ұлттық апталық әділдік пен адалдықты ту етіп, әрқашан шындық пен ақиқатты мақсат тұтуының арқасында халық сүйіп оқитын басылымға айналды. Мұның бәрі қаншама адамның тынымсыз еңбек, үздіксіз ізденіс пен ұлт мүддесіне қызмет жасаймыз деген ортақ ұстанымдарының нәтижесі. Елдегі жаңалықтар, тіл, тарих пен ұлттық мәселелерді тереңнен қозғауға, ұлттық мәдениетті жандандыруға және халықаралық саясатқа тереңнен көз жүгіртуге бағытталған басылымның алар асулары әлі алда деп білеміз. Газеттің қазақ әдебиетіне де зор көңіл бөлетіні көңілге қуаныш ұялатады.

«Қазақ үні» газетінің ұжымына шығармашылық толағай табыстар тілеймін! Басылымның ғұмыры ұзақ болсын!

Ұлықбек Есдәулет,
акын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының төрағасы



Қашанда ханнан да, қарадан да тайсалмай, халықтың сөзін сөйлеуге ұмтылды. Кейбір алпауыт қалталы топтардың, белгілі партиялар мен ірі ұйымдардың басылымдары уақыт сынына шыдамай жабылып жатқанда, ұлттық намысты ту еткен «Қазақ үні» ел мүддесі жолындағы ісін тоқтатқан жоқ, талай қиын-қыстау сынақта «майдан даласын» тастап кеткен жоқ.

«Қазақ үні» газеті алғаш «Жас қазақ үні» деген атпен 2000 жылы 11 тамызда 15 мың данамен жарық көрді.

Басында газет «Жас қазақ» деген атпен тіркелмек болып еді. Бірақ газетті біртүрлендіріп бас тартқан соң, үш айлық айтыс-тартыстан кейін газет атын «Жас қазақ үні» деп ауыстырды.

Сонда да сол кездегі министріміз тіркемей қойды. Мен сол кезде ол кісіні сынап, сол кездегі Мемлекеттік хатшы Әбіш Кекілбайдың атына мақала жазған болатынмын. Шынында да, «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» болып, аты дүрілдеп тұрған айбынды ақпарат министрің сынаған мақаланы басып ел өле алмай жүр дейсіз бе, ешқандай газет баспай қойды. Сонда қазақтың көрнекті ақыны Мейірхан Ақдәулетұлы басқаратын, Ақтөбеде шығып, Алтын Орданы сұрап тұрған «Алтын Орда» газеті бірден басты да жіберді... Үш ай тіркеле алмай жүрген «Қазақ үні» газеті 2000 жылы 1 тамызда тіркеліп кетті. Он күннен кейін 11 тамыз күні алғашқы санымыз жарқ ете қалды! Кейін ол мақаламды интернет басылым дегеннің елесі енді келіп жатқан, «Навигатор» деген орыстілді сайт та басты.

Газетіміз негізгі белгілі қаламгер Ырым Кененбай басқаратын «Алматы – Болашақ» баспаханасынан тура 10 тамызда — қазақтың бас ақыны, данышпан Абайдың туған күні шықты. Біз бірақ «Ұлы Абайдың туған күнімен қабаттаспай-ақ қояйық» деп, газет датасына 11 тамызды жаздық. Яғни, жылда газетіміздің туған күнін Абай күнімен бастап, «Қазақ үні» күнімен жалғастырамыз.

«Жас қазақ үні» газеті біраз уақыт ел ішінде «Жас қазақ» деген атпен де белгілі болды.

«Қазақ үні» газеті — республикаға белгілі қоғамдық-саяси ұлттық басылым. Өткірлігі мен әділдігі және көбінесе біржақты басылымдар арасында билікті де, оппозицияны да ашық та, батыл сынаитынымен ерекшеленеді. Ең басты мақсаты — Ұлт мүддесінің ұлайын түгендеу.

Негізгі тақырыбы — мемлекет пен ұлт мүддесін қорғау.

2004 жылы Парламент депутаттары Мемлекеттік тілге қарсы шыққанда, дауыс беру стенограммасын жариялап жіберген «Мемлекеттік тілді табанға тапталған Парламент таратылсын!» атты менің сең қозғаған сенсациялық мақалам елімізді дүр сілкіндірді. Қазақстан Жазушылар одағына жиналған ұлт зиялы-

Шерхан Мұртаза: «Кімнің кім екенін білгің келсе, кімнің қазақ тіліне қарсы, кімнің жақ екенін білгің келсе, тек «Қазақ үні» газетінен ғана оқып, біле аласыңдар»

«Егемен Қазақстан» газеті, 2004 жыл.

ларының Сенат пен Мәжіліске Ашық хат жолдауына себепші болды. Оны көптеген баспасөз құралдары қатты қолдап кеткені белгілі. Еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстанда» біртуар қаламгер-қайраткер Шерхан Мұртаза: «Кімнің кім екенін білгің келсе, тек «Қазақ үні» газетін ғана оқып, біле аласыңдар» десе, «Қазақ әдебиеті» газетінде белгілі журналист Қуандық Боқай: «Қазақ үні» газеті Қазыбек Исаның бір мақаласымен-ақ ұйқыдағы жұртты оятты» деп жазды.

Сол кездегі Мәжіліс депутаты, аталмыш заң жобасына түзетудің авторы, көрнекті қоғам қайраткері Амангелді Айталы ағамыз: «Егер Қазыбек Исаның елді дүр сілкіндірген жақсы мағынасындағы ұлтшылдығы болмаса, мүмкін бұл қазақ тіліне қарсы дауыс беру ақпараты Парламент құпиясы болып қалар ма еді? Осылай «Жас Қазақ үні» талай көкірегі соқыр ұйқысырап кеткен депутаттарды шошындырып қана қоймай, жалпы қазақ қауымына ой салды. Шалажансар Парламент ұлтымыздың, тілінің әлсіздігін, қазақтардың өздерінің ұлтына деген қырсыздығының айнасы болды.

Айта кетейін, осыдан кейін, Парламенттің инженерлік орталығына енді қай мәселе болсын, депутаттардың қалай дауыс бергені туралы ақпарат беруге жоғарыдан үзілді-кесілді тыйым салынды» деп жазды.

Өзіміз де 2021 жылы осы парламенттің депутаты болғалы ұлттық мүддені қорғауда бар күшімізді жұмсап келеміз. 2022 жылғы Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды, ол үшін Атазаңның 7-бабы 2-тармағын алып тастауды талап еткен депутаттық сауалымыз қоғамдық резонансқа айналып, әлеуметтік желіде челленджге айналды. Ал eGov петициясында қолдағандар саны 500 мыңнан, жарты миллионнан асып кетті... Құдайға шүкір, қазір Қазақстан Парламенті Мәжілісі 90 пайыз қазақ тілінде сөйлейді.

2009 жылы Қазақстанның қазақ туралы бір ауыз сөзі жоқ «Ел бірлігі» докторинасы шыққанда «Ел бірлігін бұзатын» ертісбаевтардың «ертегісіне» қарсылық танытып, аштық жариялаған әйгілі ақиық ақын Мұхтар Шаханов бастаған ұлт патриоттарының басында «Қазақ үні» газеті ұжымының басшысынан бастап жартысының астамы болды.

Ал 2011 жылғы бүкіл елді дүр сілкіндірген мемлекеттік тіл Атазаңға сай болуы үшін Конситуциядан орыс тілі туралы 7-баптың 2-тармағын алып тастау жайлы әйгілі «138-дің хаты» кезінде газетіміз авангард рөлін атқарып, мыңдаған қол жинауды ұйымдастырып, жариялады...

2013 жылдан бастап ұлт мүддесін қорғауда алдыңғы қатардан көрініп келе жатқан «Жас қазақ үні» газеті ұлт зиялылары мен қалың оқырман талап еткендей бар қазақ үніне айналып, «Қазақ үні» газеті болды.

Бүгінде ұлт мәселесі талқыға түскенде «осы газет не дейді» деп үміт ететін санаулы ғана басылымдардың басында «Қазақ үні» газеті тұрғанын ел жақсы біледі.

Астана қаласы әкімі кезінде белгілі мемлекет қайраткері Иманғали Тасмағамбетов бас редакторларды жинағанда «Егемен Қазақстан» газетінің сол кездегі президенті Сауытбек Әбдірахманов «ҚазМұнайГаз» секілді қаржы алпауытында істеп жүріп, «Айқарма» атты газет ашқан танымал журналист Шархан Қазығұлға «Тарихта ең тез ашылып, тез жабылып



«ҚАЗАҚ ҮНІ» – ШЫНДЫҚ ШЫРАҚШЫСЫ!

Құрметті Қазыбек
Жарылқасынұлы!
Құрметті «Қазақ үні»
редакциясының ұжымы!

Елге аты жайылып, оқырмандары іздеп жүріп оқитын іргелі басылымға айналған «Қазақ үні» газетінің 25 жылдық мерейтойы құтты болсын!

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса әріптесіміздің осыдан ширек ғасыр бұрын жарыққа шығарған «Қазақ үні» газеті бүгінде бар қазақтың үнін биіктен шырқайтын, ақиқаттың ақ жолымен жүретін шындық шырақшысына айналды.

Әсіресе, мемлекеттік тіл, ұлттық мүдде мәселелерінде редакция ұжымы әрдайым алдыңғы шепте жүріп, көкейкесті сөзді көптен бұрын айтады.

«Қазақ үні» «Ақ жол» партиясының ақпарат майданындағы басты серіктесі деуге болады. Мәжілістегі фракция депутаттарының өткір сауалдары, өзекті мәлімдемелері дер кезінде газет бетінен орын тауып, қалың оқырманның назарына ұсынылуда.

Біз қанша технологиялық заман ағымына ілесек те, дәстүрлі баспа құралдары, соның ішінде, газет ісі ешқашан өзектілігін жоғалтпайды. Осы орайда, Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген нақылы есіме түсіп отыр. Мемлекет пен қоғам өмірінде БАҚ-тың орны ерекше. «Хайп» қуып, жалған ақпарат таратуды кәсіп еткен журналистер мен блогерлер қаптаған заманда, тура сөйлеп, ашығын айтатын басылымдар елге өте қажет. «Қазақ үні» ақиқатты ту еткен сондай басылым деп білемін.

Құрметті Қазыбек Жарылқасынұлы!

Құрметті редакция ұжымы! Сіздерді газеттің 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Қаламдарыңыз қарымды, сөздеріңіз өтімді болсын! Әрдайым Ақ жол тілеймін!

Құрметпен,
Азат ПЕРУАШЕВ,
ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты
«Ақ жол» партиясының
төрағасы

ГАЗЕТИНЕ ЖИЫРМА БЕС ЖЫЛ!



қалған газеттің бас редакторы» деп қалжыңдады. «Ой, газеті құрсын, өте қиын екен, қаржы жетпейді» деген Шәкеңнің кенет маған көзі түсіп кетіп, «Осы Қазыбекке таңым бар, қалай газет шығарып, қалай шыдап келеді» деген еді. Мен жай ғана: «Қазақ үні» жабылудан кеткен газет қой, құдайға шүкір. Өйткені оны қазір бар қазақ іздеп оқиды» деп жауап бердім.

Әрине, «Қазақ үні» газетінің бар қазақ үні болып келе жатқанында ұлтым деген қарымды қайраткерлер мен саңлақ саясаткерлердің де, апта сайын алаңдап күтіп отыратын жалпы оқырман қауымның да еңбегі зор...

Ал жаңа заман талабына сай 2009 жылдың екінші жартысында шыға бастаған, бүгінде алдыңғы қатарда келе жатқан Qazaquni.kz ұлттық порталымыз 2017 жылы республикалық байқауда жеңімпаз болып, «Қазақстандағы ең үздік сайт» атанды.

Тәулігіне 24 сағат жұмыс істейтін сайыпқыран сайтымыз ұлт мүддесін қорғауда қырағиылығын күннен күнге күшейтіп келеді. Қазақ тілін қолдап бір жарым айда 130 мың қол жиналуы – Қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған рекорд екенін бүгінгідей мерекелі күнде айта кетуге тиіспіз.

Иә, 1913 жылы жарық көрген қазақтың алғашқы басылымдарының бірі, ұлттың үні болған «Қазақ» газетінен 87 жылдан кейін дүниеге келген, бүгінде қалың Қазақтың үніне айналған «Қазақ үні» газетіне де 25 жыл толып отыр, құдайға шүкір.

Қазір нар «Қазақ үні» – атына сай бар Қазақ үніне айналды. Осыдан жиырма бес жыл бұрын 2000 жылы 11 тамызда руханият әлеміне қадам басып, ақпарат ала-манына ат қосқан «Қазақ үні» қарсы алыңыздар, қадірменді оқырман қауым, Қалың Қазақ, Алты Алаш елі!

Қазыбек ИСА,
ақын, ҚР Парламенті
Мәжілісінің депутаты.
«Қазақ үні» ЖШС 2000-2020
жылдардағы басшысы



ЕЛДІҢ СӨЗІН СӨЙЛЕГЕН ЕРКІН ОЙЛЫ БАСЫЛЫМ

Бүгін о баста «Жас казак үні» деген атаумен шыққан газетімізге 25 жыл толып отыр. Бұл газет алғашында жас буынды тәрбиелеу, шыңдау мақсатында жұмыс жасаған болса, бүгінде есейіп, үлкейіп, «Қазақ үні» болып қайта жаңғырды.

Осы ширек ғасырдағы ізіне зер салып қарайтын болсақ, алғашқы шыққан күндерінен бастап-ақ бұл газеттің қызметкерлері өздерінің алдына қойған мақсаттарына шын жүректерімен, бар ынта-жігерімен қатты кіріскендерін байқаймын.

Өте көптеген өткір мәселелерді жалпақтамай, бұқпантайламай, құр айғайға баспай, терең де мағыналы көтеріп жүрді. Газеттің әрбір нөмірінде көтерілген мәселелер – қоғамдағы өзекті тақырыптар.

Бір ғана мысал келтірейін, Қытайда оқып жүрген азаматтарымыздың елге келуге, қайтып баруға, сол жақтағы қандастарымыздың виза ала алмай жатқанында, елшіліктегі бюрократия мен жемқорлық туралы ашық жазып, қоғамда үлкен резонанс тудырған бір ғана мақаламен-ақ мәселені шешіп, қаншама халыққа жақсылық жасады. Сонымен қатар, мемлекеттік тілге қарсы дауыс берген депутаттардың

тізімін жариялауы үлкен ерлік. Сол кездері Шерхан Мұртаза-ның «Кімнің кім екенін білгің келсе, «Қазақ үнін» оқындар» дегені тектен тек емес.

Қарлығаштың қанатымен сепкен судай етіп тәуелсіз Қазақстанға, дархан халқымызға жасаған жақсылықтарыңыз еселеніп қайтсын. Әр жылдары осы газетте жұмыс істеген барша азаматтарды, бүгінде газеттің тұтқасын ұстап, оның уақытылы шығуына күні-түні еңбек етіп жүрген журналистерді ширек ғасырлық тоймен құттықтаймын. Әлі атқарар жұмыстарыңыз ұшан-теңіз.

Ал, енді «Қазақ үні» сайтының барлық қазақ тілді сайттардың алдыңғы қатарында тұрғаны да тегін емес. Бұл «Қазақ үнінің» абыройының биіктігі. «Қазақ үні» оқырмандары күннен күнге өсіп, ауқымы кеңейе беретіні сөзсіз.

Бұл газеттің осындай орасан зор биікке жеткені осының барлығына ұйытқы болып, осыдан ширек ғасыр бұрын газетті ашқан Қазыбек Иса бауырымыздың еңбегі. Еңбек жемісті, алар асулар көп болсын.

**Құрметпен,
Ислам ӘБІШ,**
қоғам қайраткері

«Қазақ үні» бір мақаласымен-ақ ұйқыдағы жұртты оятты».

Қуанбек БОҚАЙ, «Қазақ әдебиеті» газеті, 2004 жыл

Ширек ғасыр жасап отырған басылымның бірқатар белсенді авторы, ғұмыр бойы ұлт мүддесін діттеген қазақтың біртуар тұлғалары бүгінде марқұм болғаны аян. Халықтың осынау аяулы ұлдары газет мерейтойлары тұсында жүрекжарды тілегін жеткізуді ұмытпайтын еді. Орайы келгенде сол ардақты ағаларымыздың да лебізін оқырман есіне салып қоюды орынды көреміз.

ЕЛМЕН БІРГЕ ЖАСАЙ БЕРСІН!

«Қазақ үні» газеті жиырма жылдың ішінде үлкен-үлкен белестерден өтті.

Халықтың жүрегінен орын алған бірден бір басылымға айналды. Ел қазір «Қазақ үні» не дейді екен?» деп елендеп отыратын деңгейге жетті.

Басылым елді толғандырған өзекті мәселелерге дер кезінде батыл түрде үн қатып, жұрттың жанайқайын тиісті орындарға жеткізу арқылы халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналды.

Күні бүгінге дейін қазақ тілінің мәселесін тұрақты көтеріп келе жатқан басылымның президенті, ұлт жанашыры Қазыбек Исаның бастамасымен ҚР Конституциясынан 7-баптың 2-тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керектігін талап еткен Ашық хаты



қоғамда үлкен резонанс туғызғаны көпке мәлім. Бүгінде «Қазақ үні» ұлттық порталында аталмыш Ашық хатты қолдаушылардың қатары күн санап көбейіп, елдің зор қолдауына ие болуда.

Қазақ тілінің шын мәніндегі азат тілге айналуы жолында аянбай тер төгіп келе жатқан басылымның алдағы алар асуы бұдан биік екені сөзсіз.

Бүгінде үні бар қазаққа жеткен басылымды осынау қуанышты күнімен шын жүректен құттықтаймын! «Қазақ үні» қазақтың елімен, жерімен, қазақтың мүддесімен, қазақтың тілімен, жанымен бірге жасай берсін!

Дулат ИСАБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

Qazaq uni, №32 (902) 31.08.2020

ЕЛ ОҚИТЫН САНАУЛЫ БАСЫЛЫМНЫҢ БАСЫНДА «ҚАЗАҚ ҮНІ» ТҰР

Қазір кітап оқуды ұмытып, толығымен ҰЯЛЫға көшкен жұрт кез келген газетті оқуға да құлықсыз. Санаулы ғана басылым болмаса. Сол санаулының сана-тында, әрине, ең бірінші болып «ҚАЗАҚ ҮНІ» тұр.

«Егемен Қазақстан» енді-енді ғана жалпықазақтық газетке айналып келеді. Қазақта «Бітер істің басына – жақсы келер қасына» деген дуалы дауалы сөз екеуіне бірдей қатысты. Алла жарылқасын! Батылдық, мықтылық, жүректілік, қарымдылық, ауқымдылық, турашылдық әлі күнге біраз газеттерімізде жетпей жатыр. Өкініштісі де осы. 20 жылдан бері



талай басылымның үні өшіп, талайы жанбай жатып өшті емес пе? Ал «Қазақ үні» керісінше керегесін кенге жайып келеді. Ұлттық басылым атына лайық болу-үлкен абырой!!! Қазақтың Дала-сын оятып, қаласын шаң-

қоқыстан қағып-сілкіп, баласын атқа қонуға атсалыса бер, айналайын, «Қазақ үні»! Абай рухы, Абайы бар қазақ жұрты өздеріңмен қанаттас, қабаттас әрдайым!

Исраил САПАРБАЙ,
Платиналы «Тарлан»
сыйлығының лауреаты
Qazaq uni, №32 (902) 31.08.2020

ЕЛДІК МҰРАТТЫҢ ШЫН ЖАНАШЫРЫ

«Қазақ үні» газетінің оқырманға жол тартқан күннен бастап, халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлап келе жатқанын қалың елі қазағы жақсы біледі. Елдің көкейіндегі өзекті мәселелерді дөп басып айтуымен өзге басылымдардан ерекшеленетінін айрықша атап өтуге тиіспіз.

Мемлекеттік тілдің мәселесін жетер жеріне жеткізіп айтып келе жатқан басылым бүгінде ұлттық мүддеміздің шынайы қорғаушысына айналды.

«Жер сатылмасын» деп билікке өткір талап қойған ұлт жанашырларының Ашық хатын жариялап, өзінің азаматтық позициясын айқын да, батыл көрсетіп келе жатқан газетке Ақ жол тілеймін! Болашақта да Әділеттілік үшін,



Шындық үшін өзінің бүкіл болмыс-бітімімен, табиғатымен күресе бер-реді деп сенемін!

Басылымның елдің шынайы ықыласына ие болуы – жұдырықтай жұмыла білген ұжымның, газет президенті, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі Қазыбек Исаның жанкешті еңбегінің жемісі екендігі сөзсіз. Осынау жауапкершілігі зор жолда сіздерге зор шығармашылық табыс тілеймін! Қарымды қаламдарыңыз қуатты болып, шабыттарыңыз шалқи берсін!

Темірхан МЕДЕТБЕК,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

Qazaq uni, №32 (902) 31.08.2020

«ҚАЗАҚ ҮНІ» – ГАЗЕТА НОВОГО

11 августа газете «Қазақ үні» исполняется 25 лет!

Газета «Қазақ үні» впервые вышла в свет под названием «Жас қазақ үні» 11 августа 2000 года тиражом 15 тысяч экземпляров.

С первых номеров газета заявила о своей принципиальной позиции: защита интересов народа, нации и страны, и никогда не молчала, когда речь шла об этих ключевых понятиях, будь это проблема аренды земли иностранцами, Доктрина национального единства или вопрос функционирования государственного языка. В итоге газета, согласно своему названию «Қазақ үні», стала голосом, рупором выражения интересов казахского народа.

Особенно интересны газетные статьи на национальную тематику: освещаются неизвестные страницы истории, культуры, традиций казахского народа и современные проблемы языка, духовности, независимости, земли и т.д.

Например, газета «Қазақ үні» и партия «Ақ жол» сыграли значительную роль в восстановлении исторической, политической, культурной роли деятелей «Алаш Орды», объявленных «врагами народа» в советское время.



русском языке) на Qazaquni.kz стала читабельной: за несколько месяцев некоторые статьи достигали 6000-10000 прочтений — это количество пользователей, прочитавших статью. Это показатель популярности и вовлеченности в контент, 6000 прочтений свидетельствует о том, что статьи привлекли значительное внимание аудитории.

25 лет — это солидный возраст для издания. Как известно, каждые 20-25 лет формируется, появляется новое поколение с определенным поведением и взглядами на жизнь, потому что эти люди растут и развиваются в похожих условиях. По мнению исследователей, раз в 20-25 лет происходит смена эпох: зарождение новой системы, ее развитие, расцвет, спад.

Если вы знали о поколении Альфа — это дети, родившиеся с 2010 по 2024 год, то приготовьтесь к появлению нового поколения детей, которое, условно, дебютировало 1 января. Поколение Бета начнет появляться в 2025 году, и некоторые эксперты предсказывают, что оно будет погружено в искусственный интеллект и технологии даже больше, чем предыдущие, пишет NBC news.

Понятно, что информация о поколениях Альфа и Бета — это условные сведения. Тем не менее СМИ должны учитывать социальные изменения и соответственно трансформироваться в новых условиях — в условиях искусственного интеллекта и новых технологий, а также в условиях мировой турбулентности, изменений геополитики, региональной войны и роста климатических катаклизмов.

В этом контексте необходимы в СМИ предсказательная аналитика, аналитическое прогнозирование, которые актуальны и их надо развивать в журналистике, например о влиянии войн, ядерных взрывов на глобальное изменение климата, прогнозах о войне в Украине и т.д. Например, на Qazaquni.kz есть статьи: Мир на пороге катаклизмов: прогноз на 2025 год, Может ли изменить Казахстан мировую геополитику? Войны и агрессия человека вызвали глобальные изменения климата и другие.

В такой критической, «апокалиптической» для человечества ситуации необходимы новые глобальные мировоззренческие, экологические, мирные



инициативы, чтобы остановить, преломить её. И в мировую геополитику Казахстан начал продвигать взвешенные и разумные мирные инициативы, способные внести свой вклад в глобальный консенсус.

В контексте влияния на общественное сознание, формирование идеологии государства в новейшей истории СМИ всегда играли большую роль. За это СМИ любят одни и ненавидят другие — нет равнодушных. Само слово «печать» означает главные атрибуты государственности. Это и герб страны, и национальная валюта, и печатная продукция — газеты, журналы, книги.

Особенно возросла роль СМИ в наше сложное, чрезвычайно стремительное время, когда каждый месяц, неделю, день в стране и мире происходят большие события, природные и техногенные катаклизмы, появляются новые местные и глобальные веяния, изменения, угрозы, за которыми порой трудно поспевать и осмыслить. Нынешняя реальность такова, что нужна почти мгновенная реакция прессы на происходящие события, чтобы хоть как-то позитивно повлиять на них, противостоять негативным процессам.

Оно и понятно: мы живем на стыке, разломе больших общественных, геополитических, идеологических, геологических пластов, и в такой обстановке изменение человека, его сознания, способности адекватно реагировать на изменения в мире, в прямом и переносном смысле выживать в экстремальных ситуациях выходят на первый план. Ясно и то, что возрастает роль независимых газет и журналистов, чтобы объективно анализировать и освещать со-

временные процессы, своевременно поднимать общественно значимые проблемы.

События в нашей стране за последние годы показали, что СМИ могут реально влиять на политику, общественные процессы в республике. Достаточно отметить принятие некоторых законов в поддержку государственного языка, недавнее противостояние возможной аренде земли Китаем в Казахстане, разработку Доктрины национального единства на основе альтернативных вариантов, проведение заседаний Национального курултая и т.д. Хотя нерешенных проблем и угроз очень много.

10 августа — день рождения великого казахского поэта и гения Абая. А 11 августа — день рождения газеты «Қазақ үні», которой исполняется 25 лет. То есть дата рождения газеты не пересекается с днём рождения великого Абая, а символически следует за ним, и каждый год мы будем начинать со Дня Абая и продолжать Днём газеты «Қазақ үні».

Газета «Қазақ үні» — известное в республике общественно-политическое общенациональное издание. Она отличается остротой и объективностью, и среди многих изданий открыто и смело критикует как власть, так и оппозицию. Главная цель — отстаивание интересов народа. Главная тема — защита интересов государства и народа.

Сегодня в стране хорошо известно, что газета «Қазақ үні» — одно из немногих изданий, от которых люди надеются услышать «что скажет эта газета», когда речь заходит о проблемах нации.

Конечно, то, что газета «Қазақ үні», достойная своего названия, стала голосом казах-

ского народа, — это заслуга не только её коллектива, но и широкого круга читателей, которые с нетерпением ждут каждую неделю газету и поддерживают её.

Общим недостатком казахстанской периодики является слабое освещение международных событий, анализ глобальных и региональных проблем: ведь связь между ними и нашими очень тесная. Не говоря о скрытых тенденциях мировой геополитики — это «нетронутая целина» газетных полос.

Публикации секретных материалов в нашей стране пока являются несбыточной мечтой: за это газета может подвергнуться судебным преследованиям, не говоря о недоступности таких сведений. И достижение доступности всевозможных секретов, возможности их публикаций является общим делом журналистов.

Я от всей души поздравляю редакцию «Қазақ үні» и читателей с 25-летием газеты и желаю, чтобы фортуна постоянно благоприятствовала её делам, а вдохновение не покидало её авторов. Успехов, счастья и здоровья!



Дастан ЕЛДЕС,
редактор русской редакции
газеты «Қазақ үні»

КАЗАХСТАНА

К 25-ЛЕТИЮ «ҚАЗАҚ ҮНІ»

У «Қазақ үні» свой почерк. Печатаются разнообразные материалы на злободневные темы, интересующие широкого читателя. Особенно касающиеся судеб родного казахского языка, социальных вопросов, текущей политики и культуры. Читаю ее лет десять постоянно. Выделю те материалы, которые особенно меня заинтересовали.

Это, конечно, выступления филолога Ерден Казыбека, который профессионально разъясняет фактическую ситуацию, проблемы, пути решения в важнейшем деле по поднятию роли казахского языка в практической жизни. О том, что в первую очередь нужно поднять роль филологической науки, чтобы понять уровень того, как и что



для могучих деятелей Алаш Орды. Народу нашему повезло, что в начале XX в. оформилась такая плеяда интеллектуалов, борцов за лучшее будущее родного народа: Алихан Бокейханов, Ахмет Байтурсунов, Миржакып Дулатов, Халел Досмухамедов и др. Они сумели подготовить фундамент нынешнего казахского государства. Ведь

перед Председателем Совнаркома В.И. Лениным защитил будущие границы нашего государства молодой еще тогда Алимхан Ермеков, а Алихан Бокейхан и другие ветераны сидели рядом, они поручили это задание именно молодому таланту! И такие материалы без устали дает газета, а партия «Ак жол» продвигает в парламенте бесценные идеи алашординцев в жизнь. Много статей о роли литературы, публицистики, трудов современных мыслителей. Среди них хотел бы отметить статью об Узбекали Жанибекове, который в свое время многое сделал в деле продвижения национального наследия.

В газете появлялись интервью Мурата Ауезова, полные мудрых мыслей настоящего редкого интеллектуала, которые с большим интересом встречали читатели.

А сверхпознавательные материалы тюрколога Кайрата Жанабаева о необходимости изучения и введения в школьные программы родной тюркской рунической письменности! Приводились примеры Азербайджана, где уже руника есть в реальной жизни, начиная со второго класса школы. Руника же может благотворно повлиять на самосознание народа, поднять широкие массы из многовековой спячки – говорилось в тех материалах!

В газете широко пропагандируется богатое наследие гениального фольклориста Едыге Турсунова, выведшего казахскую фольклористику на мировую арену. Именно благодаря его исследованиям мир узнал, что еще в среднем палеолите появились акыны, жырау, т.е. степная наша культура шла в авангарде развития планеты в поднятии речевых способностей человечества.

А материалы «Тюркского семинара» и его руководителя Хакима Омара – поднимающие уровень знания национальной истории! Или статьи о Максате Байлы и его «Илиаде глазами тюрколога» – помогают понять место родного народа в историческом процессе.

О жизни и трудах великого абыза Машхур Жусупа Копеева.

Появление этих и других материалов, по истории и многотысячелетней культуре казахского народа, в т.ч. моих статей и интервью, выходящих на русском языке, в газете курирует журналист Дастан Елдес. Газета ведь выходит на казахском и русском языках. И за высокий уровень публикуемого контента большая благодарность от читателей!

Большую работу делает газета по возвращению народу великого насле-

Торегали КАЗИЕВ,
писатель, публицист



«ҚАЗАҚ ҮНІ» – ГОЛОС СВОБОДЫ И ЧЕСТИ НАШЕГО ВРЕМЕНИ

ГАЗЕТА – ОКО,
СЛУХ И ГЛАС НАРОДА.
Ахмет Байтурсунов

Сегодня вся интеллектуальная общественность страны отмечает важную дату – 25-летие замечательной газеты «Қазақ үні» («Голос казах»). Само появление этого всем полюбившегося издания выпадает на первое десятилетие независимости нашей страны, на самое трудное, новое, потребовавшее немало энтузиазма, профессионализма и творческого напряжения ее основателей и исполнителей. Особенная трудность как раз заключалась в том, что в этот сложный период уже прекратили свое существование многие газеты и журналы, лишённые финансовой поддержки и читательской аудитории.

В действительности же, несмотря на возникшие трудности своего становления, газета «Қазақ үні» сразу ставила своей целью отвечать главному своему назначению – быть честным голосом казахского народа. Поэтому и стала так называться.

